



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№43

(927)

4 қараша

2022 жыл

ОҚЫС ОҚИҒА

ШАХТАДА ТАҒЫ ДА АПАТ



3 қарашада «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің «Ленин атындағы» шахтасында апат болды. Соңғы мәлімет бойынша, бес кенші көз жұмды.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ КД директоры Арман Қалықов шахтада болған апаттың себебін былай түсіндірді:

«Үшінші қараша күні сағат 03.03-те Ленин атындағы шахтада газды дренажды ұңғымаларды бұрғылау кезінде аяқ астынан метан газы тарап кетті. Апат кезінде шахтада жер астында 106 адам болған. Оның 101-і эвакуацияланды. 5 адам қайтыс болды, төрт адам ауруханада жатыр. Қазір авариялық-құтқару жұмыстары

жүргізілуде. Қаза тапқан, зардап шеккен шахтерлердің отбасыларына көмек көрсетіледі».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шахтада қаза болған жұмысшылардың отбасылары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Болған жағдайдың себептері мен мән-жайын анықтау үшін Үкімет комиссиясы құрылды.

ҚР ҚК 277-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Сәуле ДОСЖАН, жазушы:

ҰЛЫҢДЫ ЕМЕС, ҰЛТЫҢДЫ ОЙЛА



Балаңыз кітап оқи ма? Оны қоя беріңіз, өзіңіз күніне бір мезет кітап парақтайсыз ба? Кітап оқылмайтын қоғамда өмір сүріп жүрміз, рухани қазынаны дос етпейтін буынды тәрбиеледік деп байбалам салатындардың ішінде өзіміз де бармыз. Үйдегі аналардың (бәрі демей-ақ қойайық) қолы қалт еткенде қарайтыны – өлемжелі. Оларға «Бай болудың бес құпиясы», «Кедейліктен құтқаратын күре жолға бағыттау», «Қарыздан құтылудың қырық тәсілі» деген сөз сатушылардың семинар-сабағы қызық. Қоғамдық ұғым-түсінік, ойлаудың аңысы соған қарай ауып бара жатқандықтан да шығар бұл. Көпшілігіміз үйде өзіміз смартфонды сипалап отырып, баламызға «неге кітап оқымайсың» деп кейіген тұр танытамыз. Бала – айна, айтқаныңды емес, істегеніңді қайталайды.

Жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжанмен сұхбатымыз қоғамның рухани байлыққа деген көзқарасы төңірегінде өрбіді.

(Жалғасы 5-бетте)

АПТАНЫҢ САУАЛЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚҚА ІЛІНГЕНДЕР ҚАШАН БОСТАНДЫҚҚА ШЫҒАДЫ?

Өсет ШЫҢДАЛИЕВ,
Бас прокурордың орынбасары:

«Нақты мерзімін айта алмаймын. Өйткені бірқатар іс әлі де тергеу органдарының өндірісінде жатыр. Ауыр және аса ауыр қылмыс туралы істер бойынша алдын ала тергеу толығымен жүргізіледі. Іс сотқа жіберіледі, сот бұл істі қарайды және тек үкім шығарылған кезде ғана сот рақымшылық актісін қолданады. «Рақымшылық жасау туралы» заңда уәкілетті органдар рақымшылықты орындау үшін алты ай ішінде барлық ұйымдастырушылық шараларды қабылдауы керек деген норма бар».

(inform.kz)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
96



DOLLAR
466



EURO
456



РУБЛЬ
7,15

МАЙТАЛМАН

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 90 жылдығына орай жарияланған «Ақиқаттың ақ туы» атты республикалық мәртебелі байқаудың бас жүлдесін «Егемен Қазақстан» газетінің ардагер журналисі, қарымды қаламгер Гүлзейнеп Сәдірқызы (Әбдірахманова) жеңіп алды. Төменде Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының бірнеше дүркін иегері, Қазақстан Республикасы Ақпарат саласының үздігі Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫМЕН болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынып отырымыз.

«ЕГЕМЕН» – ӨМІРІМ, ШЕРАҒА – ҰСТАЗЫМ!



— Әріптестер арасында Гүлзейнеп Сәдірқызы «Айды аспанға шығарып Шерағамның 90 жылдығында бас жүлдені жеңіп алды» деген дүрілдеген әңгіменің арыны әлі күнге дейін басылмай тұр. Тектен-тек емес шығар, біз мұны қалам ұстаған қауымның өзіңізге деген шынайы құрметі мен шын ықыласы деп ойлаймыз. Тағы да... құтты болсын айтамыз!

— Рахмет. Көп құттықтаулар, мадақтаулар естідім, естіп те жатырмын... «Ана тілінің» бас редакторы белгілі қаламгер Қали Сәрсенбайдың бас бөйгеге қатысты Шерағамның туған жері Жуалыда маған арнап айтқан «Бүгін расында да ақиқаттың ақ туы көтерілді. Шерағамның аты аталған жерде тек шындық жүруі керек қой. Шіркін, Шерағамның рухы» деген сөзі ұнады. Расында да, шындық атаулының алмас қылышындай жаркылдаған Шерхан Мұртазаның атындағы бөйгеге — Ұлы дүрмекке қосылғандағы бар ойым, Ұлы суреткердің, ұлағаты ұлан-ғайыр ұстазымыздың рухын көтеруге арналған игі шарадан шет қалмай, ілтипатпен үлес қосу ғана болатын. Әйтеуір, көптің қатарында атымыз аталса деген ниет еді. ...Өте танымал бір ағамыз сол тойда маған алая көз тастап, мені танымайтынын аңғартып, мысалы, «Мені күллі қазақ біледі, сен кімсің, қайдан шыққаның?» дегенді астарламай ашық жеткізді. Қатты ынғайсызданып қалдым. «Мен «Егемен Қазақстанның» бұрынғы тілшісімін, Шерағамның шәкірттерінің бірімін» дедім. Әлгі кісі сабасына түскен сынайлы. Шіркін, «Егеменнің», Шерағамның мысы-ай десенізші, әйтпесе, мен кіммін, әлгі ағамыз таптап кетуге әзір тұр. Енді бірі «Бас жүлдені қалай алдың...» деуден де тайынбады. «Соны ойланңыз... жасым келген адаммын...» дедім. Сонда қалай бас жүлдені өздерінен басқалар алмауы керек пе... Түсінбедім...

— Қарақыздың «Егемен Қазақстанда» қара қылды қақ жарып, ақиқаттың жаршысы болғанын білмейтін болды ғой ол ағамыз. Ал жарайды, білмейтіндерге білдірейік, жалпы сіз «Егемен Қазақстанға» қалай келдіңіз, әңгімені содан бастайықшы?!

— Осы киелі шаңырақта табан аудармай 45 жылдан астам қызмет етіпмін. «Социалистік Қазақстанға» тарыдай болып кіріп ем, «Егемен Қазақстаннан» таудай боп... зейнет демалысына шықтым дейтінім бар. Иә, ол кезде атынан ат үркетін республикамыздың бас басылымына қаршадай кезімде қалай, қайтіп қызметке тұрдым?! Байқауда балым жетпей, алғашқы жылы оқудан сүріндім. Бір жылды құр өткізгенше деп стенографистер училищесіне түстім. Үздік бітірдім. 30 қыздың ішінде үш қана қыз нағыз стенографистка деген атақ алдық та, қалғандары машинка басумен шектелді. Ол кезде бүгінгідей журналистердің қолында диктофон жоқ. Барлық жиналыс, съезд, талқылауларды стенографист мамандар ғана хаттайтын. Қазақ радиосының «Шалқар» редакциясына жолдамамен келіп, іске қызу кірісіп кеттім. Бірде «Социалистік Қазақстан» Талғарда өткен сот процесін стенографиялап беруімді өтінді. Тап-тұйнақтай етіп жасаған қызметім қатты ұнағаны ғой, сол кездегі газет редакторы белгілі қаламгер Сапар Байжанов газетке мамандығым бойынша ойланбастан қабылдады.

— Күнделікті шығатын республикадағы бас басылымның стенографиясына тілшілік жазу-сызуға сіңісу оңай бола қоймасы анық. Уақыт тапшылығын қалай жеңіп жүргенсіз?..

(Жалғасы 3-бетте)

ҚҰҚЫҚ

«Біріккен ұлттар ұйымының мәліметіне сәйкес, әлемдегі адам саудасы құрбандарының 70 пайызы – әйелдер мен жас қыздар. Ал әрбір үшіншісі – балалар. Өкінішке қарай, бұл түйткілдің Қазақстанға да қатысы бар». Астанада өткен «Қазақстандағы адам саудасына қарсы күрес туралы» құқықтық форумда еліміздің ішкі істер министрі Марат Ахметжанов осылай деді.

институттармен әріптестік қарым-қатынас орнату, мемлекеттік органдармен жауапкершілікті бөлісу мәселелері қайта қаралуда. Бұл қағида адам саудасына қарсы тұру тәсілдерін әзірлеу кезінде қолданылуы керек», – деді.

Бүгінде еліміз адам құқықтары саласындағы 60-тан астам көпжақты шарттардың қатысушысы болып отыр. Олардың 13-і құлдықтың заманауи түрлеріне қарсы тұрумен тікелей байланысты. Сондай-ақ осы саладағы қатынастар 10 заңмен, мемлекеттік органдардың әр түрлі бұйрықтарымен реттеледі. «Бірақ соның

зандық анықтама қарастырылмақ», – деді.

Адам саудасына тартылған азаматтарға мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек заң аясында регламенттелмеген.

Сондықтан адам саудасының құрбанына уақытша баспана ұсыну, бірінші кезекте қажетті заттармен қамтамасыз ету, медициналық тексеру, үйіне жетуіне жәрдемдесу, психологиялық кеңес беру, кәсіптік бағдарлау сияқты кешенді әлеуметтік көмек алуына құқықтық негіздер жасалады.

Әлеумет.т⁰

САНАҒА ШАБУЫЛ НЕМЕСЕ МЫЛТЫҚСЫЗ МАЙДАН

«Жат елдердің бізге жұмсап отырғаны – идеология. Бір оқ шығармай, сананды, рухынды, жан-тәнін, ақыл-ойынды жаулап алу, сөйтіп сені құлақкесті құлағ айналырып, мәңгірттендіру, ұлтынды, тегінді ұмыттырып, дию пішіндес ету идеологиясы». Бұл Шерағанның (*Шерхан Мұртаза*) қарусыз, қатыгез соғыс туралы айтқан пікірі. Осы орайда қаламгердің «Мылтықсыз майданы» еске түседі. Рас, роман соғыс жылдары тылдағы адамдардың ерлікке толы еңбегін баяндайды.

Сол шығарманың атауы бүгінгі медиа кеңістігіндегі ахуалдың тамырын тап басып отырғандай. Нақтырақ айтсақ, түрлі тәсілдермен адамның жан-дүниесін, дүниетанымын өзіне бағындыруға бағытталған шабуыл үдей түсті. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі атап өткендей, «пост-шындық» (*post-truth*) атты терминмен ерекшеленген ХХІ ғасырдағы ғаламда «гибридті соғыс» (*hybrid warfare*) өршіп тұр. Мұндай майданда санаға сокқы, дабыра дабыл, адастыратын ақпарат дәйек-дәлелсіз дерекпен беріледі.

Гибрид – қоспа, бұдан деген мағына беретіні белгілі. Оған «соғыс» сөзін қосып, осы тіркесті 2007 жылы саяси әдебиетке енгізген – американдық оқымысты Френк Хоффман (*Frank Hoffman*). Ол қактығыстан көз аспаған Таяу Шығыста кәдімгі қарумен қабат, амал-айланың небір құйғырқы түрлері қолданыла бастағанын осы атаумен түйіндепті. Асылы, тарихқа жүгінсек, мұндай ұрыстың тамыры тереңде жатқанын көреміз. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдағы атакты Пенеполес шайқасында афиналықтар спарта әскерін жеңе алмайтынын біліп, қарсыластың жанды жеріне қол салады. Сөйтелді де, әртүрлі қауесет таратып, сый-сыяпат тықпалап, спарталықтарға адал плоттарды көтеріліс жасауға көндіреді. Осылайша, сенімді одақтасынан айырылған спарта жеңілді деседі.

Ежелгі дәуірден сөз етуіміз бекер емес. Қазір де біртұтас елдің ішіне іріткі салып, бөліктеуге тырысатынын айналамыздағы «түрлі-түсті төңкерістерден», әсіресе, көгертудің орнына құратып жіберген «Араб көктемінен» көріп жүрміз. Айта кеткен жөн, кезінде Шераған алпауыт күштердің осындай зымиян әдіс-тәсілге жүгінетінін «Қызыл Жебеде» тәптіштеп-ақ жазып еді. Қазір қуатты, ең сорақысы, қорқынышты құралға да айналып бара жатқан медиа тек ақпараттық қана емес, психологиялық қысым жасаудың құралы болып тұр. Осы шаруамен тәжірибелі маманы, заманауи құрал-сайманы, мол қаржысы бар арнаулы орталықтардың айналысып жатқаны мықтап ойландыратын мәселе. Ой мен санаға шабуылда әсіресе, fake news деген атпен тілімізге енген жалған ақпарат тарату жиі қолданылатын тәсіл. Максаты – жұрт арасында үрей туғызып, ертеңге күнге деген сенімнен айыру. Бұл үшін көбіне, әсіресе, жастардың ақыл-ойына көбірек ықпал ете алатын бейнекөрініске (*video*) жүгінеді. Сол арқылы «қорғаныс жандарға» аяушылық сезімін оятып, оларды «осындай халге түсіргендерге» қарсы наразылық білдіруге үгіттейді.

Жалған дерекке дер кезінде тосқауыл қойып, тойтарыс беру – бүгінгі БАҚ-тың көкейкесті міндеті. Бұл ретте медиа арқылы төнген қауіп-қатерді талдау, қалың оқырман мен көрерменге түсінікті тілмен жеткізе білу, оқығанға ой салатын ойлы да сауатты журналистикаға ойысу қажет боп тұр.



Срайыл СМАЙЫЛ

ЗАМАНАУИ ҚҰЛДЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ



АРНАЙЫ ЗАҢ ЖОҚ

Жыл сайын ел ішінде 100-ден астам осындай қылмыс тіркеледі.

«Бұрын 300-ге дейін барушы еді. Биыл төрт айдың ішінде адам саудасының 30-ға жуық дерегі анықталды. Үш ұйымдасқан қылмыстық топ ұсталды. Министрлікте ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасын қайта құрудың арқасында бұл қылмыстардың анықталу қарқыны артып келеді. Әйтсе де, бұл тек салдарымен ғана күрес», – деді ішкі істер министрі.

Өйткені біздің елімізде адам саудасымен күресті реттейтін арнайы заң жоқ.

Осы орайда М.Ахметжанов: «Қазір ішкі істер министрлігі бұл бағыттағы жұмысын қайта құрып, бағдарлы тәсілді енгізуде. Қоғамдық

бәрі шашыранқы. Арнайы заң жоқ», – дейді сала басшысы.

«АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНЫ»

Ішкі істер министрлігі «Адам саудасына қарсы күрес туралы» заң жобасы арқылы «адам саудасының құрбаны» ұғымының құқықтық аясын кеңейтуді ұсынды. Бұл туралы М.Ахметжанов: «Мемлекет басшысының тапсырмасымен ішкі істер министрлігі «Адам саудасына қарсы күрес туралы» заң жобасын әзірлеп жатыр. Бұл құжат декларативті акт болмауы керек. Ол қолданыстағы барлық «актандар» мен «көленкелі аймақтарды» жоюы керек.

Заң жобасында қылмыстық іс қозғалған, қозғалмағанына қарамастан, «адам саудасының құрбаны» ұғымына

ШЕТЕЛГЕ БАЛА АЛЫП ШЫҒУ

Ішкі істер министрі кәмелетке толмаған балаларды шетелге алып шығатын адамдарға бақылаудың қатаңдайтынын хабарлады.

«Қазіргі заңнамада онсыз да бөгде адам кәмелетке толмаған баланы ата-анасының сенімхатынсыз шетелге алып шыға алмайды. Ендігі заң бойынша, біреудің баласын шетелге апара жатқан адамның қандай мақсатпен кетіп бара жатқанына мән беріледі. Кейде қолдан жасаған құжат бойынша немесе халықаралық шараға апара жатырмын деген жалған желеумен баланы шетелге алып шығатын жағдайлар болады. Кейін ол баланы елге қайтару біз үшін қиынға

соғады. Міне, осы жерде адам саудасының құрбандары болуы мүмкін», – деді министр.

Сондай-ақ ол адам саудасына қарсы күресті үйлестіретін уәкілетті орган анықталмайынша, жұмысты жедел түрде жүргізу мүмкін емес екенін ескертті.

«Болашақ құрбанның басындағы қиындықты немесе оның осал тұсын пайдаланып, алдау арқылы сыртқа алып шығады. Осы жерде біз сақтық танытуымыз керек. Біз баланы әкетіп жатқан адамның кім екенін, қайда және қанша мерзімге кетіп бара жатқандарын, сапар мақсатын анықтауымыз керек. Демек алдын алу шараларына көбірек көңіл бөлінеді. Осы қызметтің бәрін үйлестіретін орган керек», – деді Марат Ахметжанов.

Талап Тілеген


20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА ПРОЙДУТ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№7

ОТКРЕПИТЕЛЬНЫЕ УДОСТОВЕРЕНИЯ НА ПРАВО ГОЛОСОВАНИЯ

20 қараша 2022 жыл Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы
Қазақстан азаматтары сайлаушылар тізіміне тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша енгізіледі.
Әр сайлаушы бір ғана тізімге ене алады.
Сайлаушы дауыс беру күні болу орнын ауыстырған жағдайда басқа сайлау учаскесінен дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады, бірақ бір елді мекен шегінде ала алмайды.
Есептен шығару куәлігін жалпыға бірдей танысу үшін сайлаушылар тізімін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде, яғни дауыс беру күніне дейін 15 күн ішінде алуға болады
Есептен шығару куәліктерін беру 19 қараша сағат он сегіз нөл нөлде тоқтатылады.
Дауыс беру кезінде сайлаушы өзі келген жердегі учаскеге есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді.
Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушыны сайлаушылардың тізіміне қосады және есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беру бюллетенін береді.

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясы



Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан

(Басы 1-бетте)

— Иә... ара-тұра әңгіме жазуға уақыт таптым... Газеттегі екінші редакторым Балғабек Қыдырбекұлы, ол кезде бірінші орынбасар қызметінде еді, менің журналистік талабымды байқап қалды да бірде өзіне шақырды. «Қарағым, жазғандарыңды оқып жүрміз, жап-жақсы дүниелер, екіншістісі... сені бөлімге қызметке ала алмаймыз. Тілші табылар, бірақ сендей стенографист маман таба алмаймыз. «Стенографистка-журналистка» деген күәлік берейік, тиісті орындардан дерек алғанына жеңіл болсын. Жазуыңды да тоқтатпа» деді.



қызметкер, тапсырма беруге құқымыз жоқ, одан да хат бөліміне тілші етіп алып, жұмсай берейік те» дейді. «Е, мұның жөн екен, бұл балаға обал жасамайық» деп сөзге келмей мені бөлімге алды. Шераған мені әбден сынап, өз елегінен өткізіп, жарау аттай дайындап барып, әдеби қызметкер етіп алғанына арада отыз жыл өтсе, қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Егемен Қазақстанның» бір ғасырлық жылнамасында жарты ғасырға жуық шежіресіне тікелей куә болғаным, оған хал-қадерімше үлесімді қосуым — әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін мүмкіндік, бақ деп білемін. Ал бүгінде өзімнің қазақ руханиятының әдебиеті мен журналистикасының тарланы, Алаштың асқақ азаматы, қаламгерлікті де, қайраткерлікті де, күрескерлікті де төрт тағандап, қатар алып жүрген Шерағанның шекпенінен шыққандар қатарынан болғанымды мен де ардақ тұтып, мақтанамын.

— Осы орайда «Егемен Қазақстанның» күллі ұжымы — бұрынғы, кейінгі буыны осы күнге дейін әсте аузынан тастамайтын сізге қатысты «қызыл шапан» туралы естелікті жанғыртудың орай кеп тұр, қалай қарайсыз?

— Иә, иә... ол да бір қызық дәурен, ұмытылмас күндер! Шелек ауданындағы «Егеменнің» оқырмандарымен кездесіп, ұжым болып қайтып келе жатқанбыз. Өте көңілдіміз. Арамызда сол ауданның қызы, тілші, марқұм Сәуле Ілімтонова: «Жігіттер, осы күре жолдың бойында Бүркіттің ескерткіші қойылған суағарға тоқтап, бір демалып алсақ» деген. Межелі жерге жетіп, су алуға алаңқайға шықсақ, Шерағанның көлігі тұр. Әншейінде Шераған дегенде шетінен «момақан» жігітеріміз де батылданып, Шерағанды қаумалап ортаға алып, тұра-тұра қалды. Шерағам жүргізушісіне «шапанды

«ЕГЕМЕН» — ӨМІРІМ, ШЕРАҒА — ҰСТАЗЫМ!

Қызметте қатал, өте кірпияз әрі төңірегіндегі қызметкерлеріне өте әділ қараған Балғабек аға — газеттегі екінші редакторым, жарықтық анам дүние салғанда Шерхан аға екеуі үйге көңіл айтып келді. Сондағы Балғабек ағаның айтқаны есімде қалыпты: «Гүлзейнеп, айналайын, саған обал жасаппын... Шерхан менің қателігімді түзеді». Жазғандарыңды оқып жүрмін, өте жақсы бағалаймын, мақалаларына неге Әбдірахманова емес «Сәдірқызы» деп қол қойып жүрсін. Оқырмандарыңды жоғалтасың ғой» деді. Шын журналистік, редакторлық жанашырлық танытып тұрған Балғабек ағам сұңғыла кісі, бәрін сырттай бақылап, қадағалап жүретін болғаны ғой! Мұндай бағаға қатты қуандым, толқыдым. «Әкем соғыстың зардабын көп тартқан адам, сондықтан көзі тірісінде атының жарияланып жүргенін көрсінші деген ниетім еді, аға» дедім.

— Ал, ендеше, міне... үшінші ақиық редакторыңыздың ауылына да ат басын тірелік, сіздің басылымдағы «жасындай жаркылдайтын» кезіңіз де осы тұс қой, қателеспесем...

— Сең сол үшінші редактордың келуімен бұзылды ғой... Ой-хөй, мен ғана дейсіз бе, сол жылдары қаншама қазақтың мықты журналистері осы газеттен түлеп шықты, қуаты төңкеріс жасайтын уытты қаншама мақалалар дүниеге келді.

Қызметкерлерін тын тақырыптар, күйіп тұрған проблемалар жазуға үндеп, «тірі дүниелер... тірі дүниелер әкеліндер» деп отыратын еді, жарықтық, редакторлардың редакторы атанған Шерағамыз. Көп ұзамай-ақ газет басқа реңк ала бастады. «СҚ-ның» сірескен сенін бұзып: «Сендер жазуын жазып, айтуын айтсаңдар, баспасам маған серт» деп, жоғары жаққа жалтақтамай, «Үлкен үймен» ақылдаспай, небір өткір проблемалық мақала, фельетондарды басып, Орталық Комитетке шақырса өзі барып, мақаланы да, авторды да қорғап шығатын.

— Айтыңызшы... талабы да талғамы да өте зор қаламгердің назарына сіз қалай іліктіңіз? Ол кезде бұрынғы әрі партияның, әрі мемлекеттің бірінші үн қағазына айналған бас газетімізге қыз балаларды техникалық қызметке қабылдасаса, тілшілікке алудың қиындықтары болғаны басы ашық жайт еді?!

— Менің ен алғашқы «Әйел жаны» атты әңгімем «Қазақ әдебиеті» газетіне Шерхан Мұртаза сонда редактор болып тұрған кезде басылды. Кейін біздің газетке редактор болып келгенде бұған дейін жүзбе-жүз кездеспеген ағамыз кезінде әңгімемді жылы қабылдаса керек. «Е, сол әңгімені жазған сен бала екенсің ғой» деп, бір қабағын керіп тұрып айтқаны бар. Көп ұзамай Шераған өзі жақсы көретін, ақ мылтық жауынгер журналист Қайнар Олжайды шақырып: «Осында істейтін ана Гүлзейнептің әйел туралы жазған жақсы бір әңгімесін білемін. Сол балаға әйел тақырыбына қатысты тапсырма беріп көрші» деген ғой. Өзім үшінші перзентімді ауыр босанып, перзентханадағы сорақы жағдайды басымнан өткізіп, жұмысқа жана ғана шыққан кезім. «Перзентхана пердесі... талай сырды бүркеп тұр...» деген сериялы мақалам газеттің үш нөмеріне басылды. Шераған сосын Қайнарға: «Енді шопан әйелінің проблемасын көтеріп көрсінші» деп сөлем айтыпты. Ауылда өскен, әрі қойшының келіні болғандықтан, шопан әйелінің бейнетін жақсы білемін. «Айдалада ақ отау...», сосын көпбалалы аналар туралы «Аты ғана ардақты ма?» деген көлемді проблемалық мақалаларым жарық көрді. Енді тағы бір тапсырма бергісі келіп шақырғанда Қайнар: «Шераға, қызықсыз, ол кісі техникалық

әкелші» деді. Жүргізуші жүгіріп барып әкеле қойды. Сосын жайлап: «Ал жігіттер, бүгінгі кездесу де, отырыс та жақсы өтті. Қызым, бүгін сізге өте риза болдым. Бағыда Нарыңқолдан бір топ жазушылар келе жатып, осы Бүркіттің басында Ғабен — Ғабит Мүсірепов үлкен шарадан киіп келе жатқан шапаның, «осы қарабалаға кигізсем» деп, иығыма жапқан еді. Бүгін мен сол дәстүрді жалғастырып, шапанымды қарақызға жапсам деймін. Айтындаршы, бүгін осы қызымыз жиынымызды гүлдендіріп жіберді емес пе» деп иығыма қызыл шапаның жапты. Жазуым өз алдына, оқырмандармен кездесуде домбыраға, гитараға қосылып ән айтқам, әзіл айтқам...

— Көзі қарақты қауым, оның ішінде қаламдас-әріптестеріңіз сонау 1991 жылғы Тәуелсіздіктің елен-алаңында сіздің «Ту ету мен түл ету» атты жазған сериялы мақалаларыңның дүмпуін осы күнге дейін ұмытқан жоқ. Бүгінгідей қуанышта, ол туралы біреу білер, біреу білмес әрі әңгіме журналистің жазбалары жөнінде болғандықтан да сол бір қызықты оқиғаны еске алғанымыз орынды болар деймін?!

— 1991 жылы Кеңес одағы ыдырап, социалистік реализм өзгеріп, республикалар тәуелсіздік ала бастаған тұста тарихи тұлғалар туралы әркілі пікір алуандығы орын ала түсті, өзіңіз білесіз. Осы арада Санкт-Петербургтегі Жамбыл атындағы көшенің атын өзгерту керек деген белгілі бір топтың елді дүрліктірген келенсіз пікірлері туралы Қазақ радиосының кезекті хабарынан естіп қалдым да, редакцияға жеткізгенім сол, Шерағам қолыма жолкіремізді ұстатып, іссапарға аттандырды да жіберді. Бөлім бастығым белгілі журналист Рысбек аға Сәрсенбайұлы Жамбыл бабамыз жатқан жерден «қандай заман болады, шүберекке бір ұыс топырақ түйіп алуымды» өтінді. Сол топырақты өмірде көрмеген жат қалада кезінде соғыста «Ленинградтық өрендерім» атты уытты жыры елге қорғаныс-қалқан болған Жамбыл атам атындағы көше бойындағы гүлзарда өсіп тұрған жас талдың түбіне салып тұрып, әурақтардан ендігі бейберекетсіздіктен ағамызды қорғауды ниет еттім, сұрадым. Соңадай жерде соғысты көрген, Жамбыл ағамыздың қоршаудағы халықтың рухын көтерген өлеңін тыңдаған кейуаналар менің әрекетімді бақылап отырыпты. Келді. «Көшенің атын өзгертейін деп жатыр екенсіздер, Қазақстаннан сол үшін келдім» деп ем, «Мүмкін емес, ондай бассыздыққа жол бермейміз! Сонда Санкт-Петербург блокадасы дейміз бе?» деп өре түрегелді. Ашулы аналардың сөздерін жазып алдым. Содан салып ұрып, Ленинград қалалық атқару комитеті жанындағы көшелер атауы жөніндегі комиссияға келсем, Г. Ю. Никитенко деген: «Егер Ленинград қаласының аты өзгеріп жатса, Жамбыл көшесінің аты өз-өзінен алынып қалады. Ал 1978 жылдан берілген Ә. Молдағұлова атындағы көшені міндетті түрде өзгертеміз. Себебі біздер осы есімді айтқанда да, жазғанда да қатты қиналамыз. Ол қызға ілінген такта да жеткілікті. Ал Жамбыл көшесінің алыну-алынбауы туралы бұрынырақта сөз болғаны рас. Біздің әдебиетшілер «өлең аударма, оны кімнің жазғаны белгісіз» дегенді айтуда» деп сайрап

тұр. Шамам келгенше айтысып, осы көшеге иелік жасайтын аудандық атқару комитетінде болып, жағдайды айттым. Қарақыздың Қазақстанға құр қайтпайтынын сөзді ғой деймін, ондағылар да жергілікті халықпен бірге екенін айтып, шат-шәлекейі шықты. Бұл менің бірінші жеңісті қадамым еді.

Осы екпінмен Әлия оқыған Ә. Молдағұлова атындағы №140 орта мектепке барайын. Мұражай болған сыныпқа кіргенімде оқушылар мұрны тесіліп, аузы ойылған, беті сызылған Батыр әпкеміздің бюстіне кезек-кезек секіріп мініп, тайрандап жүр. Музейдің бүкіл заттарын радиорубкаға тығып тастаған. Директордың теріс әрекеттерін айтып, Ленинград қалалық атқару комитеті жанындағы Музей мен көркемсурет өнері



басқармасының бастығы Б. И. Назарцев дегенге кіріп, өзім куә болған сорақы жағдайды жеткіздім. Көзі атыздай болды. Ақталып әлек. Бұл — екінші жеңісті қаламым еді. Қысқасы, «Егемен Қазақстанда» 1991 жылы 30 тамызда жарияланған «Ту ету мен түл ету» атты сериялы мақалам елімізде де, Ресейде де үлкен қоғамдық пікір туғызды. Көп ұзамай құрамында Красноярдарейск аудандық мәдениет комитетінің төрайымы, сол ауданның халыққа білім беру комитетінің төрағасы бар арнайы делегация Алматыға келіп, екі мәселе де оң шешілді. Бүгінде «Бұл түйық көше — Ұлы Отан соғысы жылдарында ленинградтықтардың ерлігін жырылаған қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың құрметіне аталған» деген такта ілініп, өзіміз көрген гүлзарда Жамбыл бабамыздың ескерткіші тұр.

— Әрине, керемет, мына ісіңіз ерлікке пара-пар... Ұрпақ үшін ұран! Менің таң қалып отырғаным — барлық тілшілік істеріңіз айбынды Шерағамның ақиқат жолындағы редакторлық күресімен сондай бір жарасымды үйлесіп тұрғандығы!

— Айтпаңыз, ақыры бастап қалдық, одан кейінгі жылдары 21 жасар бейкүнә қыздың қазасына орай «Соктасы солқылдаған сыздауық» атты сын мақалам денсаулық сақтау министрлігін тәубесіне түсірген. Мақтанды деменіз... Қандастарымыздың проблемасы туралы «Көш керуен кері бұрылып кетпесе екен...» деген мақаламның негізінде Парламентте депутат Әкім Ыскақтың белсенділігімен тұңғыш рет қазақ

тілінде балама заң мәтіні хатталды. «Мәншүк неге екі рет жерленді?» деген мақаламмен танысыңыз ба? Неге екі рет жерленді, а? Айналып келгенде, осының бәрі-бәрі данқты Шерағамның редакторлық мектебінің арқасы! Сондай мектепті бітірген біздер қандай бақытты едік! Алла тағалам қазақ журналистикасындағы жаңа буын ішінен Шерағамдай тұлғаны көруге жазса екен деп тілеймін...

— Соңғы бір сауал, журналистің қолынан қаламы түспейтіні ақиқат... Дей тұрғанмен, дәл қазір немен шұғылданып жүрсіз, қай бағытта қалам тербеп, не жазып жүрсіз дегендей?

— Әйел журналистің қай кезде қолы бос болған дейсіз? Жас кезімізде бала-шағаның, отағасының тамағын тойдырып, одан соң ыдыс-аяқты жуып болған соң, тұн ауғанша сол ас үйде жайланып отырып алып, ертеңгі нөмірге салынатын мақаламызды жазушы едік... Қазір қолымыз ұзарған секілді, бірақ тіршіліктің қолбайлауы шаш-етектен. Немерелерге еміренесің... Әңгіме жазып жүрмін! Қолым қалт еткенде үйдің манындағы Есентай өзенін жағалап, Алатауды бетке алып серуендеймін. Есіме Америка түседі... «Егеменнің» арқасында Нью-Йоркте болдым. Бродвейді шарладым. Манхэттеннен көлбей созылған желі Шерағамдай тұлғаны жалғасып жатыр. Аңызда бір заманда осы соқпақпен үндіс тайпасының

жігіттері суатқа мал айдаған дейді. Осы жолда жанына не керекті табасын. Есентай өзенін жағалап тауға қарай бір заманда біздің аталарымыз да үндістер секілді тауға мал айдағаны ақиқат. Ұқсастықты айтамын. Әңгімеге желі ме, желі...

Сол Есентайдың бойымен жарты шақырым жүрсең, табиғаттың тамылжып тұрғанын қиып, үйіне қайтқың келеді. Өйткені бұл аумақта жол ұзын, бірақ ұлы сөзде ұят жоқ, дәретхана таппайсың. Әңгімені қойып, газетке қаның сорғалатып, әкімдіктің жанына тигізіп мақала жазғың кеп кетеді. Сабама түсем. Біз кезінде өз миссиямызды адал орындадық. Енді бізден кейінгі ұрпақ қалғмай жүруі керек емес пе?! Қазір жұрттың бәрі «журналист-блогер», солар не тындырып жүр, әлде осындай тамаша өзен жағасына демалуға келмей ме, келсе, көрмей ме деп те танырқаймын...

— Гүлзейнеп Сәдірқызы, салиқалы әңгіменіз үшін үлкен рахмет, жазарыңыз көбейсін!

Талғат СҮЙІНБАЙ,
Алматы

P.S.:

Сұхбат дайындалып жатқанда белгілі қаламгер-журналист Гүлзейнеп Сәдірқызына Алматы облысы Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді деген жағымды хабар жетті.

Мәселе

Қазір көшеде, қоғамдық көлікте смартфонсыз жүрген бала көрмейсің. Ересектерден қалыспай, шұқшиып бірдеңені қарайды да жатады. «Мынаның кіндігі телефонға жабысып қалған ба!» деп айқай салатын ата-ананың ендігі арманы – қайткенде де баласын электрондық құрылғыдан ажырату.

Содан да болар, біздің жаңашыл, «креативный» шенеуніктердің оқулық орнына планшетті пайдалану туралы жоспарын естігенде көбі әретүрегелді. Тіпті немере-шөбересі дүниеге келіп үлгермеген егде жастағылардың өзі көдімгідей елең де алаң күй көшіп отыр.

қызметіне де қаржы бөлінеді» (!). Жоспарға сәйкес, байланыс операторлары планшеттерді sim-картамен бірге ұсынады екен.

Мұны естіген байланыс операторларының алаканын шапаттап шаттанғанына күмән жоқ. Қазір ғаламторсыз қалам баса алмай қалған жұрт нарықтағы 2-3 монополистің тарифті үсті-үстіне көтеруіне мойынсұнған. Бір-екі жыл бұрын депутаттар тариф төлемінің толық бір ай емес, төрт апта сайын (28 күн) алынатынын сыңға алған болатын. Оған қарсы салалық министрлік ешқандай шара қолданған жоқ. Анда-санда сапасыз байланыс үшін айыппұл салынатыны туралы док көрсеткені болмаса, ұялы байланыс саласында еш өзгеріс жоқ. Енді,

Алматыдағы көп балалы аналар да қала әкімдігі берген планшеттердің жарамсыз екенін айтып, шағымданып еді. Коронавирус өршіп тұрғанда бүкіл қала бойынша 1,3 млрд теңгеге 22 мың планшет сатып алынып, таратылған. Оның мынанан астамы жарамсыз болып шықты. Әрине, техниканың аты техника. Ақау болмай қоймайды. Оның үстіне планшетті ойынға емес, оқуға ғана пайдалану керек екенін мониторинг тобындағылар тәптіштеп-ақ баққан. Өйткені кейбір жауапсыз ата-ана баласының құрылғысын ломбардқа өткізіп, кейбірінің өздері пайдаланғаны да мәлім болды.

Көпшіліктің наразылығын ескерді ме, оқу-ағарту министрлігі осы мәселеге қатысты іле-шала өз мәлімдемесін жариялап тасталды. Салалық мекеме «Планшет оқулықты алмастырмайды, оқушының сөмкесін жеңілдетеді» деп ақталып жатыр. Планшетке электрондық күнделік, оқулықтар, және цифрлық білім ресурстары жүктеледі дейді.

Бала пәленбай оқулықты мектепте қалдырып, үйде сабақты планшетпен оқи

Аққолтай

ЖАҢАРҒАН ЖАТАҚХАНА



Бес қабатты жаңарған ғимараттың ашылуына университет басшылығы, зиялы қауым өкілдері, ҚазҰУ түлектері, оқытушы-профессорлар құрамы мен журналистика факультетінің студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-ректоры Жансейіт Түймебаев студенттерді жана қоныстарымен құттықтады.

«№5 жатақхананың қолына қалам ұстаған қауым үшін өзіндік терең тарихы бар. ҚазҰУ-да оқыған есімі елге танымал журналистер осы студенттер үйінде тұрды. Бүгін сол дәстүр жалғасын тауып, журналистика факультетінде оқып жатқан білім алушы жастарға қолданасық берілді.

жарық беруші шамдар жаңадан орнатылды. Әр секцияға заманауи душ кабиналары қойылып, санитарлық-техникалық жабдықтар ауыстырылды. Бұған қосымша, ғимараттың су құбыры мен кәріз жүйесі жаңартылды.

Журналистика факультетінің 1-курс студенті Хамза Ерден: «Біз №5 жатақханадан қазақ журналистикасының тарихы өрбіген қасиетті мекенге қайта оралдық. Бұл тарихи сәт. Осы жатақханада көптеген зиялы қауым өкілдері тұрған. Мұнда студенттер жайлы өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалып отыр. Енді әр секцияда душ бар. Әр қабатта ас бөлмесі, оқу залы да қарастырылған. Жатын бөлмелері кеңейіп,

ШЕНЕУНІКТЕН КЕЗЕКТІ «НОУ-ХАУ»



Осы аптада Үкімет отырысында оқушылардың желісіз интернет және планшетпен қамтамасыз етілетінін цифрлық даму, инновация және аэроғарыш министрі Бағдат Мусин қуана хабарлады. Оның айтуынша, мектептегі Wi-Fi талаптары 2023 жылдың соңына қарай бекітіледі. Ал мектепті интернетпен жабдықтау жергілікті әкімдіктерге жүктеледі.

Талап бойынша, қолжетімді нүкте бір мезетте 200 құрылғының қосылуын қамтамасыз етуі тиіс. Байланыс операторларымен бірлесіп, мектептерге арналған біртұтас байланыс орталығы құрылмқ.

Министрдің жоспары «тап-тұйнақтай». Мәселен, 1-ші сыныпқа барған бала планшетті төрт жыл, яғни бастауыш сыныпты бітіргенше ұстайды. Ауыл-аймақты былай қойғанда, Алматы сияқты ірі мегаполистің манайын сапалы интернетпен жабдықтай алмай отырған Мусин мырзаның (*журналистердің «қашан интернет?» деген сауалына «кішкене шыдаңдар» деп жауап берді осы жолы*) айтуынша, 2023 жылы 400-ден астам бірінші сынып оқушысы бір-бір планшетке ие болады. Ұққанымыз, мұны мемлекет жүзеге асырмайды. Мусин мырзаның мына сөзіне мән берейік: «Мұндай модельді байланыс операторлары телефон мен планшетті сату кезінде белсенді түрде пайдаланып келеді. Планшетті жалға алудан басқа, оқушыларға арнайы тарифпен мобильді интернет және планшеттің сервистік

міне, оқушыларға арналған тариф енгізуді діттеген Мусиннің соңғы шешіміне қарап, солардың күйін күйттеп отыр ма дейсін.

Айтпақшы, 400 мың планшетті қайдан алады десек, отандық өндіріске иек артатын ойы бар көрінеді.

Ал бізде планшет шығаратын өндіріс орны бар ғәзі?

Ақтаудағы тұңғыш қазақстандық зауыттың әшейін елес болып шыққаны есімізде. 2011 жылы іргесі қаланған зауыт бірде-бір электронды құрылғы шығармаған күйі ең соңында пластикалық қап өндіруге ойысқан. Өндіріске бөлінген қыруар қаржы тістегеннің аузында кетіп, Ақтаудың «Аққумен» (*айпақтың атауы*) солай қош айттысқанбыз.

Өткен жылы Петропавл қаласында Киров атындағы зауытта ZIKComputers маркасымен компьютерлік техника өндірісінің жолға қойылғаны хабарланды. Оның жұмысы туралы басқа мағлұмат жоқ. Егер цифрландыру министрі отандық өндіріске жұмыс тауып беру мақсатын көздесе, әрине, қолдауға болар еді. Әйтсе де, планшетпен қамтамасыз ету үшін қандай да бір тентер өткізіліп, оны әлдебір компанияның жеңіп алатыны айтпаса да түсінікті. Ол компанияның көрші елге тапсырыс беріп, отандық өндіріс деп көрсетпесіне кім кепіл? Ондай да болған.

Оның үстіне бізде ноутбук немесе планшет тарату «жәжірібесі» бар. Онлайн оқу кезінде әр өңірде бюджеттен қаржы бөлініп, оқушыларды техникамен қамтудың соңы дау-дамаймен аяқталып жатты. Айталық, Атырау облысында республикалық және жергілікті бюджеттің қаржысына сатып алынған 2000 планшеттің біразының ақаулы екенін анықталған болатын. Сол кезде жарамсыз құрылғыларды негізінен ауыл мектептеріне жөнелткен.

алады-мыс. Интернеті әлсіз аймақтарға алдын ала жүктелген контенті бар құрылғы беріледі. Қысқасы, оқу-ағарту министрлігі «планшет — оқытудың қосымша құралы, таңдау ата-ана мен оқушының еркінде» деп шегініс жасап отыр. Бұл арада бірнеше жәйтті ескерген жөн. Жаксы, оқулықтың бәрін мектепте қалдырып, үйде планшетпен оқысын. Ол техника болғандықтан, оқтын-оқтын қуаттандыруды қажет етеді. Мәселен, демалыс күндері үйінде жарық өшсе, қуаты біткен құрылғыдан не пайда? Сондай-ақ ата-ана баласын үнемі аңдып отырмайды. Ол сабақ оқып отыр ма, басқа бірденені қызықтап отыр ма, оны қалай бақылайды деген «жаман» ой келеді. Қалай болғанда оқулықтың жөні бөлек. Біріміз де мектепке сөмке көтеріп барып, тасқа басылған оқулықты оқып адам болдық емес пе?

Планшет мәселесіне қатысты ОУНА балалар институтының басқарма төрайымы Гауһар Киікованың айтқаны көңілге қонымды. info@nbugo.kz сайтында жарияланған пікірінде ол былай дейді: «Оқулықты цифрға ауыстыруда емес, бастауыш білім беруде өзгеріс керек. Біз бұл салада дамыған елдерден 100 жыл артта қалдық. Олар зерттеу жүргізгенде мықты деген ғалымдарды тартады, зерттеуге қаржы бөледі. Сол зерттеу нәтижесіне сүйеніп әрекет етеді. Ал бізде бұл салада мықты ғалымдар жоқ болғандықтан, ең білгір ретінде Бағдат Мусин шешім қабылдайды», — дейді.

Цифрлық даму министрі балалардың оқулықтан қол үзбейтінін, мектепте оқулығын қалдырып кететін орны болатынын түсіндіріп бағады. Ол біздің мектептерде шетелдің киносындағыдай (кітаптарындағыдай) әр балада жеке шкаф бар деп ойласа керек. Кеше ғана елдегі 710 мектептің тозығы жеткені жария етілгенін, үш ауысым, тіпті дәретхана мәселесінің шешілмей жатқанын ескерсек, әр баланың мектепте жеке орны болатынына сене қоймайсың.

Қалай болғанда да, баланы планшетке «байлаудың» нәтижесі жаксы болмайтынын жанаһыл шенеунік емес, ата-ана біледі. Онда ақырғы шешімді де солар шығаруы керек.

Гүлнар АХМЕТОВА



Алдағы уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылысының екінші кезеңінде қалашықта жана жатақханалар бой көтеретін болады», — деді ректор.

Жиын барысында университет басшысы журналистерге жатақхананың жөндеу жұмыстары туралы айтып берді. Жөндеу кезінде ғимараттың сыртқы қасбеті жаңартылып, барлық бөлменің қабырғалары қайта сыланып, әрленді. Есік-терезе, еден төсеніштері мен жиһаздар сатып алынды. Сонымен қатар электр жүйесі қайта жүргізіліп,

жатақхананың жалпы дизайны өзгертілген. Жалпы қалашықтағы ғимараттар мен жатақханалар күн санап жаңарып келеді. Біз өте қуаныштымыз», — деп өз әсерімен бөлісті.

Баспасөз туры Әл-Фараби кітапханасында жалғасты. Онда Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ құрылысының II кезеңінің жоспарымен таныстырып, журналистер сауалына жауап берді. Сондай-ақ журналистер пулы қалашықта өткен қызықты студенттік күндерді еске алып, білім алушылардың тыныс-тіршілігін көзбен көруге мүмкіндік алды. *(Өз тілшіміз)*

Оқшау ой

Осы жұрт жыл сайын ақырап айының ақырғы күнін мереке ретінде тойлауды үрдіске айналдырып алды. Тіпті биыл мерекеде талай адамның жаны да үзіліп, рәмәтлік болды. Оңтүстік Кореядағы қайғылы жағдайды айтып отырмыз. Осы кімге керек өзі? Пандемия бүріп, шеңгелдегелі ешқандай да жалпыхалықтық мереке өткізбей бұйығы болып қалған көрістер биылғы 31 қазанды асыға күткені сондай, көшеге адам легі лықси шыққан. Ақырында 150-ден астам адам ажал құшты. Христиандардың қолдан жасап алған мерекесі дейтін еді осы хэллоуинді. Кейінгі кезде олар да бұл жаламауыз жанағашы кейпіне енген мерекеден бойларын аулақ салып, тіпті сол күнді «ажал сәт» деп те айтып, атынан айналып қашып жүр.

Сорақысы сол, соңғы кездері бұл мейрамды да біздің жастарымыз бойына дарытып, санасына сіңіріп барады. Күні кеше президенттік сайлауға түсіп жатқан Қарақат Әбден өзінің әлеуметтік желідегі паракшасында дәп осы хэллоуинге қатысты ойын айтыпты. Оның осы жат мерекеге қатысты пікірі көпшіліктің көкейіндегісін дәп басқандай. «Ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр ұлықталған елдің жастары еліктегіш болмайды. Біз осы жағын күшейтуіміз керек. Дәстүрлі мейрамдарымызды насихаттайык! Қазақтың рухани қазынасын балалардың бойына сіңіруді осы кезден бастайық, достар. Халқымызға жат, жастардың санасын ұлайтын дүниелерден алшақ болайық», — деді Қарақат ханым. Көпқұдайшылықты насихаттайтын, мұсылмандардың ұғым-түсінігіне, таным-ұстанымына мүлдем кереғар көріністі біз неге сүйегімізден өткізе жутуымыз керек?

ХЭЛЛОУИН «ҚЫРҒЫНЫ» ҚАНДАЙ ОЙ САЛДЫ?

Өкінішке қарай, 31 қазанды қадір түнін күткендей күтіп, еміне сағынатындар көбейіп барады. Америкалықтардың артық уақытын қалай өткізерін білмегендей ойлап тапқан мерекесымағын қоғамның санасына сіңіру орынсыз екендігі ертеден айтылып-ақ келеді. Бірақ естір құлақ, тоқтам салар дәрмен-қуат болмай тұр. Жалмауыздың, басқа да түсіне кірсе шошытатын жағымсыз кейіпкерлердің кейпіне еніп көшеде жұртшылықты шошыту, үрейін алу адамшылықтың белгісі ме, азғындықтың көрінісі ме? Біздің елде әулие Валентин күні дегенге де, осы Хэллоуинге де тосқауыл салып, көгендеуге заңмен ешқандай да тыйым салынбайды. Құзырлы мекемелер сондықтан да еш қайран істей алмай отырмыз дегенді алға тартады. Ал енді



қараныз, көп уақыт өте қойған жоқ, бір-екі жыл бұрын көк туымызды желбіретіп, ауыл-ауылда шеру жасау белен алып, көптің қызу қолдауына ие болды. Сонда қайтті құзырлы орындар? Ел-елді аралап, көк туымызды көлігіне тұтып, болмаса атымен алып жүрушілерді шетінен шөгендеп қойып айыппұл арқалатпады ма? Қоғамдық тәртіпке нұқсан келтірді дегенді айтып. Ендеше, 31 қазан күні көшеде көпшіліктің үрейін алып, жын-ойнақ кейіпкерлерінің кейпіне еніп, дүбәралықтың дүрмегіне ілескендерге де айыппұл салып, неге шідерлемеске?!

31 қазан күні, атакты спортшымыздың бірі Хэллоуин мерекесін қолдап, көзін бояп, бетіп опалап, басқанын кейпінде қоғамдық орындарды аралаған сәтін әлеуметтік желіге жүктелді.

Қазақстан спортында Олимпиада ойындарының алтын медалін екі мәрте жеңіп алған жалғыз спортшы, тау көтерген талағайдың көріксіз кейіпке енген шағын көргендер қандай пікір жазғанын ерінбей қарап шықты.

Басым көпшілігі данқты спортшының жат қылық жасағанын жақтырмаған. «Одан да спортқа баулысашы жастарды» дегенге саяды. Жаны бар пікір.

Әрине, демократиялық қоғамға қарай бағдар түзеуге ұмтылған біздің елде әркімнің жеке құқығына қол сұғуға болмайды. Рас, бұл азамат әлемжелідегі бейнежазбасында ешкімді де «хэллоуинді құрметтейік» деп жалаулатып елкіртпейді. Бірақ өскелен жастар майысқак шыбық секілді, қалай исең де көнеді. Жас



буын қазір кімге еліктейді? Әрине, жылтыракқа билеген әртіс пен әншіге, бар тапқанын масайрап айтатын блогерге, әйгілі споршыларға қарап соқпайтайды.

Биылғы Хэллоуин мерекесі Оңтүстік Кореяда қасіретпен аяқталды. Ажал құшқандардың арасында жерлесіміз де бар болып шықты. Ақтөбелік ару Сеулдегі сапырылыста қаза тапты. Аман жүрсе, сәуір айында магистратурасын тәмамдағандай екен. Ажал сәті Сеулде өткен сайтанның ойнағында жеткенін көрмейсің бе? Жастарға мұсылмандық ұлық мерекелерді, өз-наурызымызды тойлауға, ұлықтауға ұмтылуына бағыт сілтемесек, жат дүниенің дүрмегі дүрбеленге ұласатынын көрсетіп берді кәріс еліндегі оқиға.

Қайбір жылы астанадағы мектептердің бірінде мұғалімдер оқушыларға хэллоуинді атап өту үшін арнайы киім киіп келуді бұйырып, онысы ата-аналардың наразылығына ұласып, үлкен дау да болған. Алматыда 31 қазанның түнінде автокөліктің донғалағын өртеп кеткен жастардың да қылығы елдің есінде. Жат әдеттен қалай аулақ саламыз бойымызды? Әркім өзінен бастап, ата-ана баласын тыйса, желіккен жастар тыз етпе мінезін ауыздықтаса, хэллоуин сияқты ұлтымызға жат мерекелер жалпыхалықтық сипат алмайды.

Қуаныш ПАХМЕТ

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Оқырманмен кездесу – шығармаңды насихаттау

Jas qazaq: Сәуле апай, бүгінгі сұхбатымызға уақыт бөлгеніңізге рахмет. Қазіргі саяси науқан қарсаңындағы қарбаласта қоғамдық жұмысты да атқарып жүрсіз. Өзіңіз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сенімді өкілдерінің бірісіз. Шығармашылығыңызға қолбайлау болмай ма, қоғамдық жұмыстарыңыз?

Сәуле Досжан: Иә, сенімді өкілі болғандықтан кездесулер ұйымдастырады. Менің баратын бағытым Алматы қаласының ішінде екен, соған құнандым. Ешқандай қолбайлау емес, қайта оқырманмен кездесу, жүздесудің жиі болуы шығармашылығыңды насихаттауыңа, қаламыңнан туған туындыларыңды таныстыруға да таптырмайтын орта. Сондықтан ешқандай кедергісі тиіп жатқан жоқ.

Менің зейнетке шыққаннан бері көп уақытым жазумен өтіп келеді. Сәт ағанмен бас құрарда да өзімнің ойымды айтып, жазушылық шығармашылығыма ешқандай кедергі, байлау болмау керектігін, өмірімді жазуға арнаған қаламгер екендігімді, жазу тәртібімді айттым. Токетері, жаныңды жалдап жұмысқа жегетін қаламгерлік қуатыма ешқандай талап қойылмайтынын ескерттім. Екіншіден, Дүкенбай Досжан ағанмен тату-тәтті өмір сүрдім. Ол кісі өзінің тегін берді. Сәуле Досжан деген атпен бірнеше кітабым да шықты. Дүкен өмірден өткеннен кейін де бес жыл шаңырағында отын өшірмей, туын жықпай ұстап отырдым. Сондықтан да мен тегімді ауыстырмайтынымды да құлағдар еттім. Ағаң барлығына келісім берді, менің ойымды қуаттады, шүкіршілік, шығармашылығыма ешқандай бөгесін болған емес. Мұның бәрін не үшін айтып отырмын? Өмірде ақ пен қара алмасқан данғыл жол бар. Сол жолда көре алмайтын күншілдер, қызғаныштың қызыл иті ішін тырнап ұлитындар сыртымыздан сөз айтпайды дейсіз бе. «Дүкенбайдың тегіндегі Сәуле Сәтпен шаңырақ құрыпты» дегенге назар аудармайтын болса, етегінен ұстайтынымды жеткізіп, келісіп алдык. «Жоқ, Сәуле, қанқу сөзде шаруам жоқ, маған сенің жеке басың қымбат. Сен де, мен де елге қызмет етсек деп жүріміз, сол ортақ мүддеге ұйысак болды» деген бір ауыз жылы сөзіне тоқтадым. Ер азамат айтқанын орындап, менің шығармашылығыма ешқандай да нокта салып, шідерлеген емес. Қайта көп қолдау көрсетеді. Семей полигоны туралы жазған «Қасірет пен тағдыр» романыма қажетті деректерді молынан игеруіме пайдасы көп тиді, тіпті көп адамның қолына түсе бермейтін құжаттарды да ағаңның арқасында алып, субелі шығармама арқау еттім. Сәт Токпақбаев — ана тілінен сырт, орыс, ағылшын, қытай тілін еркін меңгерген кадр. Көп тіл білетін маманды кеңес заманында Алматыдан алыстатып, Семейге сынақ алаңы болған мекенге жұмысқа жіберген. Полигон зардабы мен зауалын тартқан халықтың ортасында өмір сүрген жолдасымының естеліктерін, айтқан әсерлі әңгімелерінен де оқиға желісіне пайдаландым. Мұның бәрін шығармашылық қуатымды сұрағанына байланысты айтып отырмын. Менің күнделікті уақытым көбіне жазу бөлімшеде өтеді. Таңғы асты ішкеннен кейін бесін ауганша жазумен шұғылданамын. Жазу дегеніңіз — отыра сала ақ қағазды шиырлай беру емес. Ізденесің, окисын, тоқисың, ой диірменіне салып қорытасың. Мұның бәрі де қып-қызыл уақыт. Аптаның бес күнінде негізінен шығармашылықпен өткізіп, сенбі күні туыс-туған арасындағы той, мереке, ас-садақаға арналған жиынға барамыз. Жексенбіні отбасымызға арнап, жеке шаруамызды атқарамыз. Арасында шығармашылық кездесулерге де барамын. Мұның барлығы да өзімнің оқырмандарыммен ортадағы жүлгені үзіп алмау үшін, жазған еңбектеріңнің таралуына, оқылуына керек. Шетелге, еліміздегі демалыс орындарына барғанда да мен шығармашылығымды үзбеймін, ноутбугымды, керекті кітаптарымды арқалап алып жүремін де, туындыларымды жазамын.

ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫРДЫ БҮТІНДЕГЕН

Jas qazaq: Тағдырыңыздың шытынауына 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы да әсер еткен сияқты. Бірақ желтоқсанға қатысып, істі болып, қудалау көргеніңізді айтпайды екенсіз.

Сәуле Досжан: Бұл жаған да желтоқсан көтерілісіне, қазақ жастарының буырқанып бас көтерген қанды оқиғасына қатысқан. Сол үшін қудалау да көрдім. Қазір бәзбіреулер секілді қаныттыр медальға таласып, «мен де желтоқсаншы едім» дегім келмейді. Жұрт арасынан біреулер «мынау жазуды қойып, енді желтоқсаншы болып кеткен бе?» деп те сөз етері анық. Алаңға шықсам, елімнің ертеңіне алаңдап бардым. Сол үшін журналистика факультетінің жоғары курсында оқитын мені диплом қорғау мен мемлекеттік емтихан сынағынан сызып тастады. Оқудан да шығып қалудың қаупі туындады. Бар айыбым — Желтоқсан оқиғасына қатысушы. Топтың старостасы да менмін, алда диплом қорғау, мемлекеттік емтихан сынағы түр. Не істеймін, етегім жасқа шыланып, Көкімжан Қазыбаев ағамыздың алдына бардым. Орталық Комитетте білдей басшы болған кісі. Оның үстіне біздің мемлекеттік емтихан алушы комиссияның төрағасы. Қандай зиялы адам еді сол ағалар. Араға түсіп, басын тәуекелге тігіп, мені диплом қорғау сынағына, мемлекеттік емтиханға өткізді. Сонда бізге дәріс өтетін ұстаздарымыздың басым көпшілігі тілеулес екен, алаңға барғаны үшін айып арқалағандардың көпшілігі оқудан шығып қалмас үшін араша түсіп, қорған бола білді. Дипломдық еңбегімнің тақырыбын «Қайран, біздің аналар арлы ойлаған» деп Мұқағали Мақатаевтың өлеңінен алып едім. Тұрлаусыз тірліктеңді тұсауы тағдырыма салқынын тигізгенде үлкен қолдау көрсетіп, қанатының астына алған адамның алғашқысы Көкімжан Қазыбаев болса, екіншісі — қазақтың салқар жазушысы Сайын Мұратбеков ағам. Оқудан шығып қала жаздап, басымса іс түскенде Көкімжан Қазыбаев қайраткер қалай құтқарса, жұмысқа орналасу кезінде Сайын Мұратбеков ағамның шарапаты көп тиді, алғаш жұмысқа қабылдаған да осы кісі еді. Үнемі дұғам

осы ағаларымның есімін атап, Жаратқаннан иманына салауат тілеймін.

Мен бір үйдің жалғыз қызымын. Әкемнің атын шығаратын атақты жазушы болсам екен деген арман бала күннен қиялыма қонақтады. Ол заманда қазіргідей компьютер жоқ, бойжете бастаған шағымнан, студент кезімде жазған әңгімелерімді әдемі қапталған қойын дәптерім — блокноттарға жазып жүрдім. Әдеби орта менің есім-сойымды ақын деп таныған алғашқыда. Бірақ өленге қоса, прозалық шығармаларды да жазуға ден қойдым. Сол блокнотымды кейін тағдыр талайымен көшіп-қонып жүргенде жоғалтып алдым. Балалық шағымдағы, мектеп қабырғасында, студент кездегі фото альбомдарым да қалған жоқ, сапырылысқан көштің арасында қолды болып кетті. Соған ішім удай ашып қапаланамын. Амал қанша, өткен іске өкінгеннен орны бүтінделмейді. Өмірдің отына да, аязына да ұрынып, қанша дауыл үйіріп соқса да басымды арашалап келе жатқан адаммын. Оны көпшілік біле бермейді, «бөрі арығын білдірмес, арқа жүнін компаитар» демейтін бе еді.

Jas qazaq: Оқудан қудалауға салқыны тиген «желтоқсанға қатысушы» деген қонырау жұмысқа тұруда да тұсамыс болған екен ғой.

Сәуле Досжан: Тікелей соның салқыны деп айтуға да болмас. Бірақ жоғары оқу орнын тәмамдаған жас журналистке көп редакцияның есігі тарс жабық болды. Арқа сүйер ағанның

Сәуле ДОСЖАН, жазушы:

ҰЛЫҢДЫ ЕМЕС, ҰЛТЫҢДЫ ОЙЛА

жоктығы, жетекке алар бағдар берушінің болмауынан да шығар. Сонда редакцияларда істейтін журналистер ортасының аурасын сезінуді армандап, еден жуушы да болсам екен дейтінмін. Құрылыста да істедім, басқа да қара жұмысты «арқалап» өмір сүрдім. «Алматы» шипажайында еден жуушылықтан асханада аспаз болып та күн көрдім. Бір күні «Жазушы» баспасына корректор керек деген ақпаратты естіп, бардым. Сайын Мұратбеков ағаның зиялығы сондай, мейірімі тегіліп тұратын еді. Жұмыстың қисыны келмей, кетеуі кетіп жүрген жөуде шағымда бұл кісі тағдырымның түзелуіне септігін тигізді. Сонда кадр таңдаушы маманы бірден алуға асықпай үш ай мерзім сынақтан өткізді. Одан кейін де түлікбұланға салғысы келіп сипақтады. Тіпті бұйрық шығарарда Сайын Мұратбековке «сіз бұл адамнан қандай жақсылық күтемін деп жұмысқа қабылламақсыз?» деді. Сондағы айтпағы, «әлі толыққанды түсетп танымайтын адам редакцияда қалай жұмыс істейді?» дегені екен. Жүрегіме біреу қанжар сұғып алғандай қалтырап кеттім. Менің күйімді көрген Сайын аға қатуланып: «Сіз бұл қыздың алдына барып келіп пе едіңіз, жұмысқа қабылданыз, баспада жұмыс істейді» деп әлгі кісінің жалын жықты. Әдеби ортамен араласуым, жазушылыққа шыңдап бет буруыма үлкен өріс ашты. Сайын ағаның жұмыс кабинетіне алғаш қадам басқаным, қалай қабылдағаны, сол кездегі жылы жүзі әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Содан да шығар, ағаның есімін атағанда көзімнің алмасын мейімдеп жас жуады. «Жазушы» баспасы менің тағдырыма үлкен әсер еткен орта болды. Осы баспада қызмет істеп жүріп Дүкенбай Досжанның 1988 жылы шыққан «Мұхтар жолы» кітабына да корректорлық қызметті атқарып, таныстым. Кейін бас құрап, отау құрдық. Сол кітапта тағдырымыздың белгісі ретінде соңғы бетінде корректор деген тұста Сәуле Қожахметова деп жазылып тұр. 27 жасымда Дүкенмен бас құрап, 27 жыл бірге ғұмыр кештік. Дүкеннің анасын өзімнің анамдай қабылдадым, ештеңе жасымрай, ене мен келін ортасындағы қылдан нәзік байланысқа сызат түсірмей өтті ол кісі өмірден. Зиялы әулеттің босағасынан аттаған сәттен бастап мен көп жайтты осы енемнен, Дүкеннің анасынан үйрендім десем де болады. Өз анама қарағанда сол кісінің, өзім «апа» деп атаған енемнің тәрбиесін көп көрдім. Атеистік қоғамда өмір сүргеніне қарамастан, ақтық демі үзілгенше намазын қаза қылған емес. Маған да Қасиетті кітаптың сүрелерін үйретті.

БАСПАЛАР НЕГЕ «ҚҰДА ТҮСЕДІ?»

Jas qazaq: Қазір кітап шығару жүйесі қалай жүзеге асады? Жазған шығарманы оқыту өрісі тарылып кетті, кітап оқымайтын ұрпақ өсіп келеді деген дабыл айтылып жүр.

Сәуле Досжан: «Жақсылық көрсем өзімен» демей ме, мемлекеттік тапсырыспен кітабыңызды шығару үшін ұсынасыз. Бекіткен соң баспалар әзірлеп, ел қазынасынан бөлінген қаржыға шығып, таратылады. Өзімнің жайымды айтсам, маған көбінесе баспалардың өздері ұсыныс айтып хабарласады. Менің жазған әңгіме, повесть, хикаят, романдарымды басып кітапты сатылғыға шығарайық дейді. Олар маған екі ұсыныс айтады. Біріншісі — белгілі бір мөлшердегі қаламақы, екіншісі — сатылымынан түскен табыстың белгілі бір мөлшері, мысалы, 20-30 пайызы дегендей есепшотыңызға түсіп отырады.

Jas qazaq: Мұның қайсысы тиімді сізге?

Сәуле Досжан: Жазғаныңның шарапатын қай өріспен алсаң да тиімді ғой. Егер кітабыңыздың сатылымы жақсы болмай, сұранысқа түспесе, бір реттік берілетін қаламақы дұрыс деп санаймын. Ал егер сауда нүктелерінде, кітап дүкендерінің сөресінде шаң басып тұрмай жиі сатылса,

АДЕБИЕТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

баспа қайталап басып, таралымын да арттыра береді. Сондай болса, екінші ұсыныс дұрыс. Өзім кітаптарымды басып шығарарда еліміздегі жетекші баспалардың ұсынысын ғана қабыл аламын. Неге? Оқырманның талғамына татитын туындыны ұсыну үшін. Кітаптың мұқабасының көркемдігі ішіндегі жазылған шығармамен астасып, қабыса кеткенде ғана оқырманды тартады, баурайды. Сізге бір қызық айтайын, ересектерге де, балаларға да жазып жүрмін ғой, менің кітаптарымның сатылымына балалардың тигізіп жатқан үлесі орасан. Әрбір ата-ана баласын қызықтырған кітапты сатып алмай қоймайды. Міне, балалардың әлемі қандай таза, мөлдір болғандығынан да шығар, тұшымды жазған туындың тез таралады. Балаларға арнап жазу үшін өзің бүгінгі күннің баласы қызығатын, соларды еліктіре алатын оқиғаны қамтуың

шарт. Оларға сенің бір ізді айнала шиырлай беретін шимайын ұнамаса, оқымайды. Мысалы, «Ауылдан шыққан миллионер» кітабымның бірінші бөлімін жазып, таралымға шығарғанда пышак үстінен бөліп алып, сатылып кетті. Менің шығармашылығымда табысымды шыңға көтерген — балаларға арнап жазған туындыларым. «Ауылдан шыққан миллионер» жарыққа шыққан соң оқырмандар өмірде бар адамның тағдырын өре отырып тағы да жазсаңыз деген өтініш, тілегін жеткізді. Елімізге белгілі меценат, жомарт жүрек иесі, көптеген қайырымды істердің ұйытқысы болып жүрген кәсіпкер Исламбек Салжановтың прототипі сомдалатын екінші кітабымның да сатылымы жақсы болып, көп тиражбен таралды. Жана сөз арасында бірнеше баспамен келісімшарт жасасып, серіктесіп жұмыс істеймін дедім ғой. Айына бірнеше баспа шығарған кітаптарымның сатылымынан қомақты қаражат түсіп отырады.

Кітабынды өткізу үшін өзіңді-өзің насихаттап, таратпасан, елді құлақтандырмасаң ішімдегіңі тап дегендей тарс бүркеніп алғанды кім дәріптейді? Әлеуметтік желіні де жиі пайдаланып, жазған шығармаларымның таралуына, оқылуына өзім екпін салып, насихаттаймын. Кездесулерге де жиі баруымның себебі — оқырмандардың ортасын молайту. Әйгілі «Гарри Поттерді» жазған британдық жазушы Джона Роулингті білесіз. Сол кісі бір естелігінде «мен 365 күннің 245 күннен астамын оқырмандарыммен кездесуге арнаймын. Егер бұлай насихаттамаса, кім мені таниды, кім кітабымды оқиды?» депті. Міне, сізге маркетинг. Бізде кітап оқымайды, таратылмайды, сатылмайды деген ұғым бар. Кітап оқылуы үшін автор өзінің арбасын өзі сүйреп, оқырманмен ортаға көпір орнатуы керек. Есімін брендке айналғанда жазған шығармам өтпей қалады деген қауіптің бұлтты өзі-ақ сетінеп ыдырап сала береді.

Жазуға отырғанда көп оқығанның пайдасы зор. Сөз сауу, ойды сомдау оңай емес. Ертеректе бір естігенім бар еді, марқұм Әбіш аға Кекілбаев бір шығармасын жазуға отырарда екі жүздей кітапты оқып, кеміріпті деген аңыз айтылатын. Өзім де «Қасірет пен тағдыр» деген романымды жазудың қамында жүріп, слуден аса кітаптарды оқыдым. Семей полигонына қатысты мерзімді басылымдарда шыққан материалды да қалт жібермеуге тырысып, дерек-дәйек сүздім. Әсіресе, осы романымның екінші кітабы «Үзілмеген үмітте» әлемдік кітаптарда полигонға қатысты жазылған шығармаларды көп пайдаландым. Әрине, дерегін алған әдебиетке міндетті түрде сілтеме беріп отырамын. Оның барлығы да жазу алдындағы арына сын болғандықтан, плагиатқа бармау керек. Сондықтан да кімнен, қай шығармадан дерек алдым, белгілеп, сілтеме жасаймын. Кітап оқу менің хоббиім емес, ермегім де дей аламын, өмірімнің бір бөлшегі іспетті. Қай тақырыпқа қалам салмайын, барлығын да зерттеп, зерделеп, ой көрігінде әбден илеп пісірген соң ғана жазуға отырамын.

ӘДЕБИ АГЕНТ КЕРЕК

Jas qazaq: Кітап шығару ісіне, қаламақы мәселесіне, қаламгерлерді қолдап-қуаттауға қатысты айтылатын бір мәселе — әдеби агенттің бізде кенже қалып тұрғандығы. Кезінде қазіргі ақын-жазушылардың ішінде Рақымжан Отарбаев әдеби агент өрісін елімізде кеңейтуге көп күш салып еді. Өзінің шығармалары шет тілдерге көп аударылды. Әдеби агенттермен тонның ішкі бауындай тұтасып кетуінің нәтижесінде бірнеше тілде сөйледі шығармалары.

Сәуле Досжан: Сұрағын келгені әдеби агенттің біздегі дамуы туралы ғой. Рақымжан аға тірі тұрғанда әдеби агенттің елімізде еркін қанат сермеуіне қолайлы жағдай туғызар еді, амал қанша, үлгере алмады. Анар Қабулдина деген әдеби сыншы сіңліміз бар. Әдеби агент туралы кітап та жазды. Бақытгүл Махамбетова деген қызымыз да әдеби агент болып еңбек етіп, қазақ ақын-жазушыларын шетел тілдеріне аударылуына айтарлықтай үлесін қосты. Менің де шығармаларымды шет тілдерге аударылуына, Букер сыйлығына ұсынуға осы Бақытгүлдің сіңірген еңбегі зор. Үміткерлер тізіміне енгенімізбен сыйлық бұйырмалы. Өйткені «шынтак ішке иіледі» дейміз, ол жақта да сенің сөзіңді сөйлейтін, шығарманды табандап тұрып қорғайтын біте қайнасқан танысың болуы керек. «Біздің қаламгерлер неге әлемдік

сыйлықты алмайды?» деп даурығамыз. Оған жету үшін әдеби агент абыройлы, шетелдіктермен шендесіп, сөзі өтімді адамың болуы керек. Бақытгүл Махамбетованың көп еңбек сіңіруінің арқасында Швецияда үлкен сайыста «Өгей жүрек» деген романым үшінші орынға ие болды. Еліміздегі жүрек алмастыру отасы туралы жазған еңбегім еді. Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан алғаш болып адамдарға жүрек алмастыру отасын жасауды қолға алды. Осы бір тын оқиғаны қамтыған туындыны шетелдіктер жоғары бағалады.

Әдеби агент біздің әдебиетке ауадай қажет қазіргі күнде. Кеңес одағы кезіндегі кітап тарату, оқылымды көбейту, жана туындымен оқырман арасына жиі байланыс орнату деген жүйе келмеске кетті. Кезінде қалай еді? Ақын-жазушылар әлі ақ қағазға түспеген шығармасының қаламақысынан белгілі бір мөлшерін алып алады алдын ала. Содан соң отбасын ертіп, болмаса өзі шипажайда, шығармашылық үйде жатып туындысын жазды. Ешқандай алаңдаушылық жоқ. Кітапты басып шығарып тарату, оқырманның қолына жеткізу дегенге жазушы біткен бас ауыртпайтын. Мысалы, Дүкенбай Досжанның екі томдығы 40 мың тиражбен, Әбілқәміл Нұрпейісов ағаның «Қан мен тері» 100 мың таралыммен Кеңестер одағына тарады. Міне, көрдіңіз бе, кітап таратудың арнайы жүйе, білдей бір комитет жұмыс істеді. Ал қазір бөрі керісінше. Мемлекеттік тапсырыспен шығарсаң да таралымы аз, барлық оқырманға жете бермейді.

Jas qazaq: Енді қоғамның бетбұрысына қатысты, күні кеше онтүстік Кореяда болған қасіретті оқиға, Хэллоунге қызығып көшеге шыққан жұрт бастырылып көз жұмғандардың саны жүзден асады. Арасында отандасымыз да бар болып шықты. Біз де осы жат өрекетті дендей енгізіп, жастарымыз жалаулатып атап өтуге ынтызар. «Қызына қырық үйден тыйым» жасайтын аталы елдің ұрпағы едік...

Сәуле Досжан: Атам қазақ «Қызға қырық үйден тыйым» дегенде бұрымдыларын бүлдіршін шағынан ауыл ел болып баулығанын білдіреді. Бойжеткен қыздың жаман аты шықпауы алуына абырой тек ата-анасына емес. Біз осы үрдістен қол үзіп бара жатырмыз. Мектеп оқушылары арасындағы түрлі келенсіздікті, көшедегі көзге қораш іс-әрекетті көргенде жағанды ұстап, ұлттық тәрбиемізді уыстан шығарып алғанымызды ұғынасын. Сосын тағы бір белен алып бара жатқан жайт, әке-шешенің кейбірі қартайғанда ұлдардың емес, қыздың қолына кіріп алуды ар санамайтын болды. Қыздың қамқорлығы жоғары деген қасаң түсінік иектеп бітті санамызды. Ау, оған ертен күйеу балаң қалай қарайды, екі жастың арасына сызат түспей ме? Қазақ ешұақытта қыздың қолына қарамаған, қара шаңырақты, қара қазанды ұлға мирас етіп, соның қолында сүйегі шыққан. Бір жынысты неке деген ақырзаманның белгісіне де көрдік. Оларды теледидардан көрсеткенде бетін бүркемелеп, бетперде киіп шығады. Азығдануды неге біз жасырып-жауып бүркемелейміз. Қайта қоғамға ашық әшкерелеп, сазайын тарттырмаймыз ба! Рим қалай құлады, азығндық жетпей не еді түбіне?! Осындай қереғарлықтың кесепатын тартамыз ба деп те қауіптенемін. Отбасы институтын қалыптастырып, текті сақтап, шежіренің шынжырын үзбеуге ұмтылмасақ, біз көп жағдайда ұпайымыздан айырыламыз.

Jas qazaq: Қантар қасіретінде зиялылар неге үн қатпады? Теледидардан Дулат Исабеков ағамызды көрдік сөйлегенін. Сіз жастарға басу айттыңыз ба?

Сәуле Досжан: Былтыр қазан айында жүрегіме ота жасап, екінші отаны желтоқсанның соңында жасап, Астана қаласында ауруханада жаттым, не болғанын кейін естідім. Зиялылар неге үнсіз қалды дейсіз бе? Бізде зиялы дегендеріміз сыйлыққа, марапатқа таласып, рушылдық, жершілдікке ұмтылып жүрсе, қалай басу айтады? Біз кешегі Алаш аристары секілді қарақан басының қамынан да ұлтының мұрат-мүдесін жоғары қоятын деңгейге жеткенде зиялыларымыз ел алдына шығып дүрліккен жұртқа басу айта алады деп пайымдаймын.

Сұхбаттасқан
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

TIRSHILIK

«Еңбектің көзін тапқан, байлықтың өзін табады» деген аталы сөз дәл бүгінгі кейіпкерлерге айтылғаны анық. Бүгінде істің күйін көлтіріп, нәпақасын кәсібінен тауып жүрген жандарды көргенде іштей қуанасың. Бір қарағанда, кәсіп ашу оңай көрінгенімен, оны әрі қарай дөңгелетіп өкету өкінің бірінің қолынан көле бермейді. Алған бетінен қайтпайтын, табанды, нағыз еңбекқор жандар ғана мұратына жетеді.

«ШАШ БОЯУДЫ ҮЙРЕНІП АЛЫҢЫЗ, СІЗБЕН ҚАТАР ТӘТЕЛЕР ДЕ ОҚЫП ЖҮР»

Жанар Айтуғанқызымен Ұзынағаш ауылындағы сән салонында таныстым. Жайдары келіншек ашқ-жарқын мінезімен бірден баурап алады екен. Әңгімелесе келе, үш баласын жалғыз өзі асырап отырғанын, сол үшін де өзіне беймәлім кәсіпті меңгеріп алғанын айтты. «Баланы мемлекет асырасын дейтін аналарды түсінбеймін. Баланы өзіміз үшін өмірге әкелеміз. Оларды бағып-қағу үшін де өзіміз еңбектенуіміз керек емес пе?», — дейді ол.

Өнерлі жанның өмірі туралы білгім кеп тұратын әдетіме басып, жәймендеп сыр тарта бастадым. Жанар апай өмірінің сан қилы сәтін есіне түсірді ме, көзіне толған жасты бір сүртіп алды. Алдында отырған клиентінің шашын бояй жүріп, әңгімесін бастап кетті. «Ата-анамнан ерте айырылдым. Мен бірінші сыныпқа барғанда ол кісілер жол апатынан қайтыс болды. Нағашы апамның қолында өстім. Ол кісі мені ешкімнен кем қылмай өсірді. Ал әкемнің туыстарын көрген емеспін. Олар ата-анамның үйленуіне қарсы болған екен. Әкем ата-анасын тындамай Талдықорғаннан Ұзынағашқа көшіп келген. Өйткені анам жалғыз шешесін тастамайтынын айтқан. Әкем мен анам бір күнде опат болғанда, әкемнің туыстары одан сайын анам жакты кінәлап, менен мүлде бас тартты. Апам мені ешкімнен кем қылмай өсірді. Тіпті көзінің жасын да маған көрсеткен емес. Адуынды еді. Баска да бауыр-сінділеріне сөзі өтетін, барлығы апамнан ақыл-кеңес сұрайтын. Мектепті жақсы бітіріп, экономист мамандығы бойынша жоғары оқу орнын аяқтадым. Нағашы апам өз қолымен ұзатып, осы ауылдың жігітіне тұрмысқа берді. Жолдасым құқық қорғау саласында жұмыс істейтін. Ата-енем, жолдасымның іні-қарындастарымен бірге тұрдық. Баламен үйде отырдым. Екі қыз, бір ұлды өмірге әкелдім. Апам ең кіші немересін көрмеді, осыдан 10 жыл бұрын қайтыс болды».

Жанар тұрмысқа шыққан күннен бастап бүкіл тыныс-тірішілігін отбасына арнайды. Тұңғыш қызы Әмина, ортаншысы Әлия, кенжесі Азамат өмірге келеді. Үш баласын тәрбиелеп, ата-енесінің көңілін табумен жылдар өтіп жатады.

«Жолдасым оқыстан қайтыс болғаннан кейін, өмірім баска арнаға бұрылды» деп жалғады әңгімесін Жанар Айтуғанқызы.

«Осыдан алты жыл бұрын күйеуім қайтыс болды. Ол кезде Азамат екіде болатын. Достарымен демалыста балық аулауға кетіп еді. Қасындағылар жүрегі тоқтап қалғанын айтты. Еш жері ауырмайтын атпалдай азаматымнан айырылдым. Медициналық сараптама да солай деп қорытынды жасады. Осыдан кейін ата-енем маған күн көрсетпейтінді шығарды. Жұмысқа шығайын десем, «сенің қолыңнан ештеңе келмейді» деп әжуа қылды. Тіпті «Үш баланы бізге қалдыр, ұлымыздың көзі, өзің кете бер» деп күнде айқай-шу шығаратын болды. «Бірақ сенін баратын жерің жоқ қой» деп намысыма да тиетін. Қыздарым өсіп қалған емес пе, «Анашым, бұл үйден кетейікші. Сізді өбден мүжіп жіберді ғой. Өз күнімізді өзіміз көрейік, біз көмектесеміз», — деп бір жағынан демеу болды.

Тағы бір айқай-шудың үстінде ата-енесінің қарсылығына қарамастан, Жанар үш баласын алып бір-ақ күнде Ұзынағаштың баска шетіне көшіп кетеді.

Балаларын жана үйіне жақын жердегі мектепке ауыстырып алады.

«Жақын құрбым көмектесті. Екеуіміз мектептен араласатынбыз. Пәтер жалдауым мен бастапқы жүріп-тұруыма ақшалай көмектесті. Орталықтағы сән салонына еден жуушы болып орналастым. Үлкен қызым оқуын бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына емес, шаштараздың курсына жазылды. Бір күні «Анашым сіз де менімен шаш бояуды үйреніп алыңыз, сізбен қатар тәтелер де оқып жүр» деп қоймады. Ақыры ойланып жұмыстан кейін қызыммен бірге курсқа қатыстым. Қазіргі кератин,

ботокс, химиялық әрлеу сынды түрлердің бәрін үйрендік. Оның үстіне, салонда еденді тезірек жуып тастағаннан кейін шаштаразға көмектесіп, осы кәсіпті меңгеруге ден қойдым».



Жанар Айтуғанқызы 2021 жылы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ұсынған «Бизнес бастау» жобасына бизнес жоспарын ұсынып, қайтарымсыз грант ұтып алады.

«Адам қолымнан келмейді» дегенді айтпауы керек екен дейді кейіпкеріміз.

«Қолыма алғашқы қаржы түскенде, менің қолымнан келе ме деген күдік басым болды. Бірақ қызыма сендім, балаларымның қолдауы маған қанат бітірді. Базар маңынан кішігірім орынды жалға алып, қалған қаржыға қажетті құралдар алдық. Ақырындап тұрақты клиенттер пайда болды. Қызым екеуіміз шашпен байланысты түрлі процедураларын барлығын жасаймыз. Қызым арасында тырнақ, той макияжын жасайды. Соңғы үлгідегі жаңа дүниелерді де көштен қалмай игерудеміз.

Рас, бірден бәрі жақсы болып кетті деп айтпаймын. Бастапқыда біраз қиналдык. Аренданы өтеу жағы қиындау болды. Сапалы бояу, баска да химиялық заттардың бағасы қымбат. Арасында қарызға да кірдік. Тұрақты жұмысмыз болмағандықтан маған несие де берілмейді екен. Әр келдергі кездескен сайын «Мен дұрыс бағыттамын ба? Қолымнан келе ме?» деген сұрақ мазалады. Бірақ бір істі бастадың ба, оны әрі қарай жылжыту керек. «Сабакты ине сәтімен» деп бекер айтылмаған. Алдымнан талай жақсы адамдар кездесті. Үйде бала-шағаның қамымен, ошақ қасынан қаншама жыл шықпаған адамның өмірі баска арнаға бұрылды. Жаңа кәсіпті меңгердім. Енемнің «қолыңнан түк келмейді» деген сөзі менің ғана емес, қыздарымның да намысына тиді. «Жағдайынды әкімдікке айтып, атауды әлеуметтік көмекке жазыл. Не болмаса, «Аманат» партиясына барып жағдайынды айтсаң, кәсіпкерлерден көмек болады» деп ақыл айтқан таныстар да болды. Бірақ мен балаларымды мемлекет үшін өмірге әкелген жоқпын. Мемлекетке қол жайып көмек сұрай алмаймын. Балаларым үшеу емес, одан көп болса да олай істей алмайтын едім. Ата-енемнің де бірден өзгеріп, баска кейіпке айналғаны таң қалдырды. Женге деп жүрген қайын інілерім мен қайын сінділерім бала-шағамды алып кетіп бара жатқанда «үй өзімізде қалатын болды» деп айтып қалды. Қазір балаларымды ата-апасы әрен шақырып алады. Олар да менің көңілімді қимай тез қайтуға асығады. Бірақ мен оларды туыстарынан ажыратқым келмейді. Жақында нағашы апамның туыстары ауылдың ортасынан шағын үй әперді. Енді өз үйімізде балаларыммен бақытты өмір сүрсем болды. Қыздарымды ұзатып, ұл-қызымнан немере көргім келеді», — деп аяқталды әңгімесін.

Біз сән салонынан шыққанша Жанар апай екі келіншектің шашын бояп берді. Ал қызы кешкісін тойы болатын қалыңдыққа макияж жасап жатты.

Өмірдің өзінен

«АПАЙ, СІЗ ТОЧНО КӨЛІК ЖҮРГІЗЕ АЛАСЫЗ БА?»

Бірде Қаскелеңге қарай жол түсіп, такси тоқтаттым. Діттеген жеріме қуана жеткізетінін айтқан әйел адам мені қасына отырғызып алды. Әппақ мәшиненің рөлінде отырған апайға аузым ашылып қарап қалыппын. «Не болды, қызым, таң қалдың ғой» деп күлді. Әрмен қарай әңгіменің тиегі өзінен-өзі ағытыла кетті.

Сұлу Ешниязова Орал қаласының тумасы екен. Аралдық азаматқа тұрмысқа шығып, бүгінде Алматыда ұл-қыз тәрбиелеп отырған ана көлік тізгіндеуінің сырын бүкпесіз жайып салды.

«Жолдасым осы күнге дейін көлік айдаған адам емес. Оның тіпті жүргізуші куәлігі де жоқ. Бала күнінде армандаса да, есейе келе, көлікке мүлде жакындамапты. Менің қызығушылығымды көріп, көлік мектебінен үйреніп, жүргізуші куәлігін алуыма қолдау көрсетті.

Тек сен ғана емес, көбісі таңғалып жатады. Кейбір ер-азаматқа да көлікті басқару оңай емес қой, сіз қалай меңгеріп жүрісіз» танданып жатады. Кейбірі арқамнан қағып, мактап кетеді», — дейді ол алдындағы жолдан көз алмай.

«Жалпы осы уақытқа дейін дүкенді жалға алып, саудамен де айналысып көрдім. Жолдасым бір компанияда күзетші. Айлығы 60-70 мыңның арасында. Шағын дүкен болған соң ары-бері жүк тасуға несиеге көлік алғанбыз. Оның үстіне дүкеніміз Қаракемер ауылының шетінде. Дүкен иесі аренданы екі есеге қымбаттатып, тапқанымыз соны төлеуден артылмайтын болды. Көліктің несиесі бар. Балаларымыз болса өсіп келе жатыр. Үйіміз құркылтайдың ұясындай ғана. Үлкейтейік десек, сол баяғы ақшаның ыңғайы келмейді. Жолдасыма көлік тізгіндеп нәпақа тап деп едім, ат-тонын ала қашты. Сонымен не керек, бұл іске өзім кірістім.

Бастапқыда қиын болды. Қала көшелерін білмеймін. Кептелістен-кептеліс. Бір жерде қалсам, сол жерде тұра беремін. Жан-жағымнан неше түрлі сөздерді естимін. «Бұлай жұмыс істегені құрсын деп көлікті сол жерде тастап кетіп қалсам ба екен» деп ойлайтынмын. Бірақ несие күні жакындап қалғанда тыпырлап кетемін. Осылайша таксистке айналдым. Қазір түрлі бағдарламалар бар. Көшеден адам іздемейсін. Навигатордың көмегімен діттеген жерді оңай тауып аласын. Міне, екі жылдан бері бұл менің тұрақты кәсібіме айналды. Тіпті айына 150-200 мың теңге табыс тапқан кезім болды. Такси деген жазуды жапсырып алдым. Өйткені жазуы барларға тапсырыс та көп», — дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Сұлу апайдың тұрақты клиенттері де бар екен. Көлігіне мінген адамдармен түрлі тақырыптарға сөйлесіп, емен-жарқын әңгіме айтып, туысындай тілдесетін таныстар да тапқан. Ал кейіпкеріміздің мына бір оқиғасы ол кісінің қызметіне берілген баға іспетті.

«Бірде көлігіме жас келіншек отырды. Етегі жаска толып еніреп келеді. Не болғанын сұрап, әңгімеге тартуға тырыстым. Әлгі келіншектің күйеуі ананы-мынаны сылтауратып, жұмыс істемейді екен. Өздері пәтер жалдап тұрады. Балалары да кішкентай. Көлігімен такси жүргізушісі бол десе, «ой енді көшеде жүрейін, адамдарды аңдып» деп кергиді. Сонымен не керек, әлгі келіншектің үйіне бірге бардық. Ол менің туғаным да, туысым да емес. Күйеуін шақырып алып, өзімнің басымнан өткенімді айтып, қазір қандай жұмыс болса да қашпай істеу керек екенін айтып түсіндірдім. Әлгінін күйеуі маған қарап қалыпты. «Айналайын-ау. Мынау сенің өз көлігің. Қазір өз көлігімен жүргендердің жағдайы жақсы. Біз сияқты несие төлемейсін. Жанталасып жұмыс істе деп тұрғам жоқ. Алланың бұйырған табысын үйіне әкеліп, берекенді кіргіз деп» айтып кеттім. Біраз күннен кейін келіншегі хабарласып, алғысын жаудырды. Содан бері олармен хабарласып, хат алмасып тұрамыз. Күйеуі «әйел адам осылай табыс тауып жүрсе, менікі дұрыс емес екен» деп ертесінде-ақ жұмысқа шығып кетіпті».

Қазір Сұлу апай көлікті емін-еркін меңгерген. Жолын кес-кестеген жүргізушілерге ашуланбайды, «өте бер» деп ишара жасайды. Алматының да қуыс-қуысын біліп қалдық деп бір күліп алды.

Таксист апаймен әңгімеміз жұмыссыздық, масылдық, әлеуметтік мәселелерге ауысты. «Екі жылда қаншама адаммен сөйлестім. Қаншама тағдыр. Қаншама оқиға. Түсінгенім, жастардың көбі қазір ауыр жұмысқа барғысы келмейді. Бәрінің қолында бір-бір смартфон. Кейбірі телефоннан көзін алмайды. Шұқшиған күйі түсіп қалады. Сөйлессейін десен, құлақтарын біреңемен бітеп алған. Сөзінді естімейді. Кейде отырып алып: «Апай сіз точно көлік жүргізе аласыз ба?» деп сұрайтындары бар. Ақшасын төлемей тегін жетіп алғысы келетіндер де жетерлік. Діттеген жеріне жетіп алып, қазір келемін деп жоқ болып кететіндері бар. Алматыда неше түрлі адамды кездестіресін. Қазір түріне қарап, кімнің не ойлап отырғанын түсінетін жағдайға жеттім», — деп бір көсіліп алды.

Осы кезде Қаскелеңге де жетіп қалыппыз. Таксист апай қоштасып жатқанымда, «Енді бір жыл талмай қызмет етсем, несием де жабылады» деп жылы жымиды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

АЛМАТЫ. ТЕАТР МЕРЕКЕСІ

Алматыдағы өнер ордасы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында Орталық Азия өлдерінің VIII Халықаралық театр фестивалі шымылдығын ашты. Бұл мәдени шара қазақтың ұлы жазушысы, драматург Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналды. Бір апта бойы өтетін фестивальге Қазақстан, Өзбекстан, Татарстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан театрлары қатысады.

Мәдени шараның басты мақсаты — Орталық Азия елдері мен түркітілдес мемлекеттердің мәдени ынтымақтастығын арттырып, театр өнерін биік деңгейге көтеру, өзара тәжірибе алмасу. Бұған дейін фестивалге қатысу үшін 60-тан астам қойылым ұсынылған. Байқауға осы шығармалардың ішінен 11-ге жуық спектакль іріктеліпті. Бір апта бойы өнер сүйер қауым ең үздік қойылымдарды тамашалай алады. Аталған фестивалге еліміздің атынан М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Ақмола облыстық орыс драма театры қатысады.



Фестивальде тақырып мен жанрға шектеу қойылмайды. М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жүасбектің айтуынша, өнер бәйгесінің берері мол. «Бұл фестиваль театр өнерін бір арнаға тоғыстырады. Әр ел өзінің мәдениетін, өнеріндегі ерекшелігін ала келеді. Өнер адамдарының бір-бірімен тәжірибе алмасып, театр өнерін әрі қарай дамытуға септігін тигізеді. Бір апта бойы біздің қара шаңырақ қонақтарымызбен қатар, өз еліміздің де үздік қойылымдарын ұсынады. Театр мерекесінде бізбен бірге болыңыздар», — деді ол.

Бір апталық театр фестивалінде қазақ өнерінің аңыз адамы, халық әртісі Асанәлі Әшімов, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресей театртанушыларымен бірге қазылық етеді.

Фестивальдің ашылу салтанатында сөз алған Асанәлі Әшімов: «Театр өнері — халықты біріктіреді. Негізгі мақсат — көрерменге ой салу. Театр мерекесіне келген барлық өнер адамдарына сәттілік тілеймін», — деді.

Салтанатты шараның ашылуы аясында жан-жақтан жиналған өнер майталмандары қызыл кілемнен жүріп, актерлер шеруінің көрігін қыздырды. Фестиваль аясында түрлі баңдарлама да ұйымдастырылған. Нақтырақ айтсақ, жеке меншік театрларға көңіл бөлу мақсатында әлемнің он елінен келген продюсерлер Алматыдағы кәсіпқой театрлардың өнерін тамашаламақ. Сонымен қатар фестиваль аясында Қазақстан сценографтар көрмесі өтеді. Көрермен назарына ұсынылатын қойылымдар: «На заре» пластикалық спектакль (*Татарстан*), «Хазина» романтикалық комедиясы (*Өзбекстан*), «Топон» драмасы (*Қырғызстан*), «Мармеладовтор» трагифарсы (*Қырғызстан*), «Мы — Клоуны» феерия-макабры (*Әзірбайжан*), «Дон Кихот» трагикомедиясы (*Қазақстан*), «Летающий лекарь» комедиясы (*Тәжікстан*), «Шағала» трагедиясы» (*Қазақстан*), «Лютый» драма-вестерні (*Қазақстан*), «Қан мен тер. Ақбала» драмасы (*Қазақстан*), «Мәшіһүр Гален» трагифарсы (*Қазақстан*).

Шетелден келген театртанушылар мен еліміздің театр өнерінің майталмандары 7 қарашада ең үздік туындыны анықтайды.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Естелік

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Баукен амандық-есендік білген соң, үйреншікті әдетімен:

- Қандай жаңалығың бар? — деді.
- Бүгінгі жаңалығым ерекше, аға.
- Айт, тыңдайын ерекше жаңалығыңды.

— Ертеңгілік мезгіл. Радио құлағын бұрап қалған едім, москвалық ғалым он екінші ғасырда өмір сүрген жапон ақындарының өлендеріне шолуын аяқтайын деп қалған екен. Басынан тыңдамағаныма қатты өкіндім.

Ол кездегі жапон ақындарының өлендерінің ерекшелігі үш-ақ жолдан тұрады екен, әрі ұйқасына онша көңіл бөлмейтіндей көрінді. Алайда ойлары таңғаларлықтай терең.

— Құр тамсанғанша несімен терең екенін түсіндірсенші.

— Бір өленінің кейіпкері: «Алдымда тау тұр. Мен оған, сөз жоқ, жетемін. Мені жол алып барады», — депті. Бұдан сіз не ұқтыңыз?

— Біздің ата-бабамыз өте сезімтал, саналы болған. Табиғатпен достасып, сыйласа, сырласа білген. Ол кісілердің көрегендігі, ойшылдығы қиын есептің күрделі шешімін еске салғандай. Сен айтқан үш жол өлеңнен көрініп тұрған тауға жетуге дем берер әрекеттің құдірет күшіне тең келетін құдірет күш жоқ деп ұқтым.

— Жалпы ойыңыз дұрыс.

— Сен өзін ол өлең мән-мазмұнын қалай түсінді?

— «Алдымда тау тұр. Оған мен, сөз жоқ, жетемін. Жол мені тауға апарды» дегендегі кейіпкердің тауы — арман, жолы — еңбек. Үш жол өленде әркімді арманына тек еңбек ғана жеткізеді деген ой айтылған.

— Дұрыс. Енді екінші өлең туралы түсінігінді айт.

— Кейіпкердің: «Мен шектен тыс қайғылымын. Тауға барып, тікенді өсімдіктің гүлдеп тұрғанын көріп, қайғымды ұмыттым» дегенінде «тікенді ағаш құрлы жоқпын ба? Мен адам емеспін бе?» деген ойға беріліп, қайраттанғанын аңғардым.

— Сөз құдіреті деген осы. Қайғылы жанды қайраттандырудың бұдан басқа амалы бар ма? Әй, жоқ-ау. Қазақтың «болған іске болаттай бол» дегені жай жұбату ғана секілді.

«КИЕЛІ АДАМДЫ САҚТАЙ БІЛСЕК»

— Біздің үлкен кемшілігіміз — ғасырлар бойы шынжыр бауы үзілмей келе жатқан рухани байлығымыз орталанып, материалдық байлыққа деген қызығушылығымыз артып барады. Бұл мені шошындырады. Рухани жан-дүниесі кедей, материалдық жағдайы жақсылардың қуанышы уақытша. Бұл — шындық. Керісінше, біз рухани, адамгершілік жолымен молшылыққа жетсек, қуанышымыз түпкілікті болар еді деп ойлаймын.

— Тұжырымыңыз дұрыс, аға.

— Рухани демекші, қариялардың аузынан: «Жирен қасқа — киелі айғыр. Одан көп жылқы



өрбді. Оны күтіп, сақтауымыз керек», — деген сөзді естігем. Малда болған кие адамда болмайды дейсің бе? Сол киелі мал секілді киелі адамды да сақтай білсек, жақсы жағдайға жетер едік.

— Ойыңыз терең, аға.

«ОП-ОҢАЙ КӨЗ ЖЕТКІЗЕСІҢ»

— Шерхан скеуміздің ауылдас екенімізді білетін шығарсың?

— Білемін.

— Ауылдас дегеннің бір ерекшелігі бар. Оны біз айтқымыз, білгіміз келмесе де, ауа райы, желдің, жердің, жолдың, табиғаттың жағдайы айтып, білдіріп тұрады. Сен қайткен күнде де сан рет жүрген жолмен жүресің, сан мәрте демалған ауамен демаласың. Олар байқалмаса да, көзге көрінбесе де, тынысыңның бір бөлшегі екені анық.

Мойындауымыз керек, біз көп нәрсеге мән бермейміз. Ауа райы, жел — көзімізге көрінбейтін материя.

Мұны ауылдас деген сөзге байланысты айтып отырмын. Туған, өскен топырағына, ішкен суына, жұтқан ауасына, ертелі-кеш ескен жел, соққан дауыл-боранына тартпайтын бірде-бір перзент жоқ. Маған сенбесен, зертте, салыстыр. Әр ауылдың, аймақтың адамдарының мінезі бір-біріне ұқсас.

Бұған Шерхан екеуіміздің жаратылысымызға зер салсаң, оп-онай көз жеткізесің.

...Шерхан аға көз алдыма келді. Жастармен түрлі бас қосуларда қос қолын алға жая сермеп:

- Әй, қарактарым, үйленіндер, жер алып, үй салыңдар. Қанша үй салсаңдар да қазақтың жері жетеді. Аз санымызды көбейтіндер, — деген сөзді ылғи айтып жүретін. Жастарға бұлай деу дағдысына айналып кеткен-ау, сірә...

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ

- Иссапардан қашан оралдың?
- Кеше оралдым.
- Кай елді мекенде болдың?
- Жамбыл облысы Шу ауданындағы Бірлік үстем ауылына барғанымда Жапар Изембаев деген қариямен кездестім. Ол кісімен кездесуіме Тұрсын аға көмектесті.
- Жасы менен жиырма жастай үлкен, — деді Тұрсын аға. — Біраз жыл жақсы араласып-құраластым. Жапар қария шаруашылықтың әртүрлі саласына жетекшілік етті, соңғы кезде колхоз басқарма төрағасының орынбасары болып істеді. Оның бір ерекшелігі — туысканшыл, екінші ерекшелігі — абырой-беделі бар, өзінен жасы үлкендерге азды-көпті сөзін өткізіп, ықпалын

жүргізе алады. Ол кісінің ауданымыздың азаматы Кожакан Жасбариев әкесіне ат шаптырып, ас бергенде, кемінде 400 адам жиналған мейрамхана дастарқанына жұрт есінде қалатын бата бергені әлі есімде.

...Мен Жапар қариямен сөйлескім келіп, түс қиыса үйіне бардым. Төртпак келген орта бойлы, толық денелі, ер мұрынды, ақсары өңді қарапайым кісі екен. Сөзді қысқа да нұсқа сөйлегенді ұнататын тәрізді. Әңгімесін тыңдай



келе тірі шежіре, тірі тарихқа кез болғаныма көзім жетіп, үйіне қонып қалдым. Ол кісінің мына айтқанын ұмыта алар емеспін.

- Соғысқа қатысқан туыс інім орыс қызға үйленіп, елге оралды, балалы-шағалы болды. Ағайынның көмегімен үй салып алды. Ауылымызда жақсы-ақ өмір сүріп жатқан еді, бір күні көшемін деді.
- Қайда?
- Москваның ар жағындағы келінініңіздің қыстағына.
- Қой, інім, ақылға кел. Туған жерінді тастап қайда барасың? «Жалғыздың үні шықпас» дегенді естіген шығарсың?
- Ол бізді тыңдамай, келіннің тілін алып көшіп кетті. Арала біраз жыл өткенде қайтыс болды деп естідік. Енді мен жат жерде інім жалғызсырамасын деген оймен туған жерінің



топырағын алып барып, қабіріне қосуды ойлады. Осы мақсатпен жолға шықтым.

Күпелес көріс кемпір Москвада тұратын қызына бара жатыр екен. Менін сапарымның сырын білген соң шыр-пыр болып:

- Бармаңыз, 82 жаста екенсіз, жол жүру ауыр, өліп қалуыңыз мүмкін. Сіз барғаныңызбен туыс інінізді тірілте алмайсыз. Өзінізді, өз отбасыңызды ойланңыз. Келесі стансадан түсіп қалып, кері қайтыңыз, — деді үгіттеп.
- Жоқ, мен кері қайтпаймын. Қайтсем де інімнің қабіріне туған жерінің топырағын апарып қосамын. Ол менің туысқандық борышым, — деп ол кісімен келіспедім.
- Сізге ескертем, жүрегіңіз шаршаған жүрек. Аяқ астынан қан қысымыңыз көтеріліп кетсе қайтесіз? Ең құрығанда қасыңызда көмектесер серігіңіз де жоқ.
- Нартәуекел.
- Абай болыңыз, сәттілік тілеймін. — Кемпір Москвадағы қызының телефон нөмерін жазып берді. — Барысымен аман-есендігіңізді білдіріп телефон соғыңыз. Айтпақшы, ол туыс інініздің қанша баласы бар?
- Екі қызы, бір ұлы бар.
- Көріс кемпірге рақмет. Маған қатты жаны ашыды. Межелі жеріме жетісімен қыстақ поштасынан аман-есен жеткенімді, туыс інімнің отбасы жақсы қарсы алғанын мәлімдегенімде:
- Қуаныштымын. Бәріне менен рақмет айтқын, — деді.
- Сізге айтар жаңалығым осы. Жапар қарияның 82 жасында сонша жерге жалғыз сапар шегіп, туыс інісінің қабіріне туған жерінің топырағын апаруы маған керемет әсер етті, — дегенімде:
- Бұл біз үшін дағдылы жағдай, — деді Баукен салқынқандылық танытып.
- Жер бетінде туысканшыл халқымыздай халық аз.

RÝQANIAT

Т-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

осы. Екінші себебі, таулы өлке, таза ауа, оттегі көп, су мол.

Жапон елінде де қарттарға деген құрмет ерекше. Жасы кішілер үлкен кісілердің айтқандарын тыңдайды, сыйлайды.

- Құрметке көңілдері көтеріледі ғой.
- Иә, бәрі көңілге байланысты. Көңіл күйің жақсы болса, ауырмайсың. Мен өзім біраз жылдан бері соғыс «сыйлаған» дертке берілмей келем. Өлсем де, халқыма сүйкімді болып өлсем деймін. Сүйкімді боп қартайып, сүйкімді боп өлгенге не жетсін?! Жалпы мүмкіндігінше ақылдан адаспай кеткенін жақсы. Бұл — барлық қарттың тілегі. Бәрі қор етпей, күннің жылысында алса, ел-жұртым қиналмаса екен дейді.

Иманды карт өлейін деп жатса да, ел-жұртының қамын ойлайды. Шынында аязды не жауын-шашынды күні өлсе, адамдарға қосымша салмақ түседі ғой. Сондықтан күн жылыда өлсем, ешкім әбіржіп, налымаса екен дейді. Имансыз қарттар ештеңе ойламайды. Олар «қай уақытта өлсем де бәрібір» дейтіндер.

«САТҚЫНДЫҚТАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ»

- Адам баласының ой өрісі әбден дамыған кезде өтірік, өсек тыла ма?
- Адам баласы ой өрісінің дамуы әртүрлі жағдайға байланысты. Өмірді түсініп, оны ұзарту, берекеттендіру, ұрпаққа қуаныш, бақыт сыйлау жолында қазақтың ғана емес, барлық халықтың қамын ойлайтын адамдар пайда болса, біз жақсылықты ансап, назарға аларлық сөздерді сөйлей бастаймыз. Адам баласының емес, дүние жүзі тіршілігінің мүддесі үшін жақсы нәрселерге ұмтыламыз.
- Егер әркім тек өз баламды, туысканымды жарылқаймын, атағымды шығарамын деп тыраштанса, өтірік пен өсек, құлық пен сұмдық, арсыздық, қасындағыға қастық ойлаушылық бұрынғыдан мың есе өседі. Онда жақсылық жылап жерге кіріп, өзәзілдік ай мен күндей жарқырап күліп тұрады.
- Өзәзілдікке жол бермеу үшін не істеген жөн?
- Өзәзілдікке жол бермеу үшін тіршілік дүниесі жақсы болу керек. Тіршілік дүниесі жақсы болмай адам өмірі жақсы болмайды. Бір-бірін сыйлай білген, бір-біріне жаны аши алған адамдардың ой өрісі күннен-күнге, жылдан-жылға дамып, шаттық шамын жағып ғана қоймай, адамгершіліктің шаңырағын биіктетеді.
- Шаттық шамын жағуға не кедергі?
- Сатқындық кедергі.
- Сатқындықты кешіруге бола ма?
- Сатқындықты кім кешіре алады? Оны кәсіп еткендер ғана кешіруі мүмкін. Өйткені олар бірін-бірі түсінеді. Сатқындықтың мағынасы — біреудің өмірін жоғалту. Өмірі жоғалған адам қалай кешірім жасайды? Ол күрделі мәселе.

Сатқындық деген сөз өте масқара сөз. Егер абайсызда сөйлеп отырып білместікпен, әбестікпен біреудің істеймін деген ісін айтып қойсаң, оны кешіруге болады.

- Сіздіңше, сатқындықтың өлшемі бар ма?
- Оны өлшейтін әзірше ешқандай өлшем жоқ. Сатқындықты метрмен, не таразымен өлшеу мүмкін емес. Оның өлшемі тек өмірді лақтаумен, өшірумен аяқталады. Сондықтан кез келген сатқындық — қатерлі.
- Ол індеттен құтылуға бола ма?
- Қазақта «шынымен жыласаң, соқыр көзден жас шығады» деген мақал бар. Ол жан-дүниен таза болсын деген мағынада айтылған. Сатқындықтан құтылудың жалғыз жолы — жаның да, арың да таза болуы керек.

«ЖАСТАРЫМЫЗ МІНЕЗДІ БОЛСА»

- Бүгінгі жастарға қандай тілек айтар едіңіз?
- Кәдімгі нағыз жақсы адамдардың да қателігі болатынын біз ескермейміз. Олар адаспайды, жаңылыспайды деген ойға беріліп көп қателесеміз. Себебі адам-пенде жаңылыспай тұрмайды.
- Ол дүниеге келгенше періште еді, дүниеге келгеннен кейін мына ғажайып әлемге таңғалды, өсе келе өзі де айналасын таңғалдырды. Біреулерден жақсы нәрсені, біреулерден жаман нәрсені көріп, пендеге айналды. Не бір киелі жандарды, не бір даракыларды кездестіріп, ес жиған соң: «Мен өмірге келдім. Қазір тірі жүрген кезімде халқыма қандай жақсылық істедім, істей алдым?» деген сұраққа жауап іздесе, ел алдындағы жауапкершілігін сезіне түсер еді.
- Бұл бір. Екінші, кез келген жас салыстырды деп ренжімесін, ит жуынды ішіп-ақ өзін асырайды. Иесі жақсы болса, оған жақсы тамақ береді.
- Иесі жаман болса, ол қалған-құтқан бірденені қорек етеді.
- Ит адамға адал жолдас. Хайуан болса да оның иесіне берілгендігі, қамқорлығы ерекше.
- Біз адамбыз. Өмірге не бердік? Тірлігіміз иттің тірлігіндей емес, сөйлей, ойлай аламыз. Халқымызға қамқорлық жасай алдық па? Осы мәселеге жастарымыз ерекше көңіл бөлсе деген ниеттемің. Оларға адамгершіліктің тегін сақтау — адам болудың ең басты шарты. Адам болуға ұмтылсаңдар әрдайым жүздерің жарық, сөздерің мағыналы, жан дүниелерің рухани бай болады дегім келеді...
- Мен қарапайым көптің бірімін. Өскен ортаман тәрбие алмасам, көп олжадан құр қалған бейшара біреумін. Ата-бабамның қанына біткен, етінен өткен, сүйегінен орын тапқан халқымның салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, керемет аңыз-әңгімелері бойымда бар ма деген сұраққа да жауап іздесе, кешегі Тонықой, Білге қаған, Асан қайғы, Майқы би, Абай бабаларым есіме түскен сайын ойға шомып, жастарымыз мінезді болса екен деймін. Таласым жоқ, олардың білетіні көп шығар, сол білімі мінезге айналса, ол мінез әдегімізбен ажырамастай түйінделсе, шіркін, деген де тілегім бар...

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты,
бауыржантанушы



Қазақтың төл өнері, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген қазақ күресін насихаттауға елімізде соңғы жылдары алабөтен көңіл бөлініп келеді. Осыдан бір мүшел уақыт бұрын «Қазақстан барысы» республикалық жобасы қолға алынып, елімізде төл спортымыздың дамуына тың серпін болды.



балуандарымыз спорт жұлдыздары болып, казак күресінің брендіне айналды. «Қазақстан барысы» қатар, елімізде «Еуразия барысы», «Әлем барысы» сынды ауқымды жобаларды, төл өнерімізден әлем

«Turan Barysy»: Кубок кімге бұйырды?

Қазақ күресіне қызығушы жастардың қатары артты. Бұған дейін көпшілікке аса таныла қоймаған атан жілік, апайтөс

ұлттық жобасы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп, түйе балуандар қатарының артуына септігін тигізіп келеді. Сонымен



чемпионатын, Азия чемпионатын да өткізіп, ұлттық спортымызды ұлықтауда орасан істерді қолға алды.

Міне, сол дәстүрдің жалғасы іспетті ер Тұранның талбесігі Түркістанда «Turan Barysy» деген атпен тұңғыш рет Азия кубогы өтті. Түркі мемлекеттерінің балуандары бақ сынасқан долада Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Мажарстан, Түркия елінің спортшылары күреске түсті. Жеті салмақ дәрежесінде өткен Азия кубогында еліміздің балуандары кубокты иеленсе, командалық екінші орынды өзбектер алды, қырғызстандық балуандарға қола жүлде бұйырды. Жеңіс тұғырына көтерілген балуандарға Түркістанның символына айналған тайказан үлгісіндегі кубокпен қоса, қаржылай сыйақы да берілді.

Нұрдан КӨШЕК



Азия құрлығында үздік атанды



Малайзияның астанасы Куала-Лумпурда эстетикалық гимнастикадан Азия чемпионаты өтті. 26-29 қазан аралығында жалауын желбіреткен құрлық додасы эстетикалық гимнастикадан тұңғыш рет өткізілді. Елімізден барған спортшылар 8-16 жасқа дейінгі топтар арасында Азия чемпионы атанса, 16 жастағылар мен Mix тобында өнер көрсеткен өрендеріміз күміс жүлдені қанағат тұтты.

10-12 жастағылар арасындағы сайыста Алматы қаласынан қатысқан «Diamonds» (Вероника Свиридова, Аяна Жүсіпбекова, Алина Мырзабек, Жания Жанғазы, Амали Болат, Зере Серік, Жания Кібек) командасын Жаннет Жабоева мен Виктория Гуслякова баптап қосып, Азия чемпионатында жеңімпаз атанды.

Құрама команданың бас бапкері Венера Жайлауова: «Азия чемпионатында жүлдегерлер қатарынан көрінген барлық топтың спортшыларына айтар алғысым шексіз, олар әр тапсырманы мінсіз орындап, өте сауатты өнер көрсетті. Елімізде эстетикалық гимнастиканың қарқынды дамып келе жатқанын әлем алдында дәлелдей білді. Балаларының болашағына даңғыл жол ашып, үлкен сенім артып сайысқа қосқан ата-аналарға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын», — деді.



Алматыдағы «Тамос» және «Браво» гимнастика мектептерінің түлектері де Азия чемпионатында тамаша өнер көрсетті. Азия чемпионатының қола жүлдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жаннет Жабоева баптайтын спортшылар күнделікті тынымсыз жаттығудың нәтижесінде Малайзиядағы Азия біріншілігінде жоғары жетістікке жетіп, еліміздің мерейін тасытты. Эстетикалық гимнастика — синтезді спорт түрі. Көркем гимнастика, би, акробатика спортының элементтерін қамтиды. Жаңа спорт түрі саналатын эстетикалық гимнастика елімізде де қарқынды дамып жатқанын біздің өрендеріміз Малайзия жерінде паш етіп келді.

Куан ЖОМАРТ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! 2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№8

ШЕТЕЛДЕ DAУЫC БЕРУ



УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ! 20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№8

ГОЛОСОВАНИЕ ЗА РУБЕЖОМ

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізілетін азаматтар:
– шет мемлекетте тұратын немесе шетелдік іссапарда жүрген
– жеке шақыру бойынша келген
– қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген.
Оларда ҚР азаматы деген жарамды паспорты болған жағдайда.
Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімімен сайттарда танысуға болады:
www.gov.kz/memleket/entities/mfa
www.election.gov.kz

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



На избирательных участках при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах в списки избирателей включаются граждане:
– проживающие или находящиеся в заграничной командировке
– прибывшие по частным приглашениям
– прибывшие в служебные, деловые и туристические поездки.
При наличии у них действительного паспорта гражданина РК.
Со списком избирательных участков при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах можно ознакомиться на сайтах:
www.gov.kz/memleket/entities/mfa
www.election.gov.kz

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОКСАНБАЙ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1098; Бағасы келісім бойынша Таралымы — 5000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.</i> <i>Jas qazaq gazetі «Karaavan», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	--	---	---